



ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН ДӘРІПТЕУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесі төрағасының орынбасары Өмірзақ Озғанбаевты қабылдады.

Кездесу барысында еліміздің дамуына және өскелең ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы аға буынды Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда, Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында айтылған міндеттерді жүзеге асыруға, атап айтқанда, жастарды нашакорлық, лудомания се-

кілді әлеуметтік кеселдерден сақтандыру, отбасы институтын дәріптеу ісіне белсенді атсалысуға шақырды.

Өмірзақ Озғанбаев Президентке ауылдық жерлерді дамытуға қатысты пікірін айтты. Сондай-ақ «Ардагерлер ұйымының» бастамасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспары жөнінде баяндады.



ПРЕЗИДЕНТ ТЕРГЕУ АМАЛДАРЫН ЖІТІ БАҚЫЛАП ОТЫР

Бұл туралы Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

«Мемлекет басшысы Киевте Қазақстан азаматы Айдос Садықовқа жасалған қастандыққа қатысты тергеу амалдарын жіті бақылап отыр.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, Қазақстанның құқық қорғау органдары қылмыстық істің мән-жайын анықтау үшін шұғыл шаралар жүргізіп жатыр.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарына күдіктілердің қазіргі мекенжайын анықтап, тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Қазақстан тарапы Украинаның құқық қорғау құрылымдарымен, оның ішінде Интерпол жүйесі бойынша бірлесе жұмыс істеуге дайын» делінген жазбада.

ЕЛ БЮДЖЕТІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БАЛАНС ЖОҚ

Мәжілісте Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселенің бірі 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы болды. Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есебін тыңдаған партия фракциялары жиын қорытындысында оны қабылдауға қатысты дауыс берді.

» 3



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ТАПСЫРДЫ

«Ақорда» резиденциясында төрт елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Мемлекет басшысына сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Қатар Мемлекетінің елшісі Абдалла бен Хусейн Мұхаммед Джабер, Боливар Венесуэла Республикасының елшісі Росальба Ло Буэ Анτικο, Камбоджа Корольдігінің елшісі Чеа Сок, Бурунди Республикасының елшісі Жозеф Нкурунзиза тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтап,

олардың мемлекеттерінің басшыларына ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.

— Біз салмақты, сындарлы, бейбіт сыртқы саясат жүргізіп отырмыз. Жақын арада аталған мемлекеттермен өзара ынтымақтастықты дамытуда жаңа жетістіктерге қол жеткізе аламыз деп сенеміз. Баршанызды тағы да құттықтаймын. Сіздердің Қазақстандағы маңызды миссияларыңызға табыс тілеймін, — деді Президент.



ПРЕЗИДЕНТТЕН «АЙБЫН» АЛҒАН АУЫЛ ПОЛИЦЕЙІ

Суға батқан адамдарды құтқарған атыраулық қос полицей мамыр айында II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған еді. Олар – полиция аға лейтенанты Роман Серікұлы мен Жандос Шапхатұлы. Айбарлы орден оларға қыста жасаған ерліктері үшін берілген болатын.

Полицейлер Атырау облысы Құрманғазы ауданы полиция бөлімінде қызмет етеді. Оқыс оқиға 2023 жылғы 25 желтоқсан күні сағат 19:20 шамасында Құрманғазы ауданының Шарон өзенінде болған еді.

Қыстың ызғары енді сезіле бастаған мезгіл. Орта жастағы әйел мұз үстімен өтуді жөн көреді. Алайда су қателікті кешірмеді...

» 10

БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕКІТІЛДІ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітті. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңына енгізілетін түзетулерді екінші оқылымда қабылдап, Конституциялық Соттың жолдауын назарға алды.

Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін таныстырған Қаржы министрі Мәди Тәкиев 2023 жылы жалпы ішкі өнім 5,1 пайызға өскенін атап өтті. Жылдық инфляция екі есеге төмендеп, 9,8 пайызды құрады. Республикалық бюджеттің кірістері 99,9 пайызға (19 трлн теңге), шығыстары 99,6 пайызға (22,4 трлн теңге) орындалған. Бұл ретте тапшылық 3,1 трлн теңгені құрады.

Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов анықталған заң бұзушылықтар мен кемшіліктерге назар аударды.

— Басты проблема — бюджеттің тұрақты тапшылығы. Соңғы жылдары шығындар едәуір өсіп келеді. Бұл ретте мұнайға қатысты емес кірістер шығыстардың 50 пайызға жуығын қамтамасыз етіп отыр. Қалған бөлігі негізінен Ұлттық қордың трансферттері және қарыздарды тарту есебінен өтеледі. Сондықтан тапшылықты ұстап тұру жеткіліксіз. Ол үшін тапшылығы жоқ бюджетті қалыптастыратын ұзақ мерзімді жоспар қажет, — деді Ә.Смайылов.

Оның айтуынша, кірісті арттыру үшін көлеңкелі экономиканы қысқарту қажет. Сонымен қатар Үкімет есебіне Жоғары аудиторлық палата ұсынымдарының орындалуы туралы бөлімді енгізу ұсынылады.

Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Татьяна Савельева қосымша баяндамасында 2023 жылға игерілмеген шығыстар 73 млрд теңгені, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты 489 млрд теңгені құрағанын айтты. Бұл ретте игерілмеген және пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару көлемі 29 млрд теңгеге азайған, ал квазисектор субъектілерінің қолма-қол ақшасын бақылау шоттарында анықталған бұзушылықтар мен қалдықтар 2022 жылмен салыстырғанда 97 млрд теңгеге өсті.

— Қаржының тиімсіз пайдаланылуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі



— жоспарлау кезеңінде мақсаттардың, индикаторлар мен нәтижелік көрсеткіштердің нашар әзірленуі. Барлық макро-көрсеткіштің 50 пайызының өнімділік деректері жоқ, өйткені олар статистикалық деректерге негізделген және есепті кезеңнен әлдеқайда кеш қалыптасады, — деді Т.Савельева.

Комитет төрайымы 2022 жылға арналған есеп бойынша Жоғары аудиторлық палатаның бірқатар ұсынымы орындалмағанын әрі жаңа Бюджет және Салық кодекстері аясында әзірлеу сатысында екенін мәлімдеді. Бұл салықтық жеңілдіктердің тиімділігін жүйелі бағалауға, стратегиялық жоспарлаудың бюджеттік жоспарлаудан басымдылығын қамтамасыз етуге, дивиденттік саясатты қайта қарауға қатысты. 2023 жылдың қорытындысы бойынша бұл тізбе дамуға бөлінетін шығыстардың көлемін бекіту, есепте бүкіл мемлекеттік басқару секторын, оның ішінде бюджеттен тыс қорларды қамтуды кеңейту, қарыздың тұрақтылығы көрсеткіштерін күшейту сияқты ұсынымдармен толықтырылды.

Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Бекболат Орынбеков те қосымша баяндама жасады.

Парламенттегі саяси партиялардың фракциялары құжаттарға өз бағасын берді. Мәжілісте «AMANAT», «Ауыл» және Республика фракциялары Үкіметтің есебін мақұлдауды қолдаса, Қазақстан Халық партиясы мен «Ақ жол» партиясының

фракциясы қарсы болды. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия фракциясы дауыс беруден қалыс қалды.

Талқылау нәтижесінде депутаттар көпшілік дауыспен Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекіту туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңды екінші оқылымда қарады.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы Снежанна Имашева заң аясында Астана қаласында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша үш тәуелсіз кассациялық сот құрылатынын хабарлады. Олардың өкілеттіктері, құрылымы мен құрамы, сондай-ақ судьялар мен кассациялық соттардың төрағаларына қойылатын талаптар белгіленеді.

— Сот жюриінің құрамы қайта қаралды, ол 13 судьядан және заң қоғамдастығының екі өкілінен тұратын болады. Сот төрелігі сапасы жөніндегі комиссияның құрамы да қайта қаралды. Оның құрамына жұмыс істеп жүрген тоғыз судья және отставкадағы екі судья кіреді. Жоғарғы Сот Төрағасының сот актілерін қайта қарау туралы ұсыныс енгізу құқығы алынып тасталды, — деді С.Имашева.

Сот істері мен материалдарын қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін судьяны тәртіптік жауапкершілікке тарту, партияға кірген жағдайда судьяның отставкасын тоқтату туралы және басқа да нормалар енгізілді.

Бірлескен комиссия сондай-ақ «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» және «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» басқа да конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды қарады. Осыған байланысты заң атауын өзгерту туралы шешім қабылданды.

Дауыс беру қорытындысында Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады.

Парламент Конституциялық Соттың «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауын да назарға алды. Бұл туралы Сот төрағасы Эльвира Әзімова баяндама жасады.

— 2023 жылы конституциялық бақылау органына азаматтардан бес мыңнан астам өтініш келіп түсті. Олардың көпшілігінің тақырыбы Конституциялық соттың құзыретіне кірмейді. Дегенмен Конституциялық Сот заң шығарушының қосымша зерттеуін қажет ететін өтініштердің кейбір мәселелеріне назар аударғысы келеді. Бұл тұрғын үйге қол сұғылмаушылыққа нұқсан келтіру, сатып алу мен иеленудің заңдылығы кезінде декларацияланбаған мүлікті мемлекет кірісіне айналдыру және басқалар, — деді Эльвира Әзімова.

Конституциялық іс жүргізу аясында қозғалған істер әртүрлі құқық саласы мәселелеріне қатысты болды. Оларды қарау нәтижелері бойынша заңнаманың және оны қолдану тәжірибесінің елеулі кемшіліктері анықталып, олар бойынша нақты ұсыныстар мен ұсынымдар уәкілетті мемлекеттік органдардың назарына жеткізілген. Бүгін Парламент бес заңның нормаларын Конституцияға сәйкестендірді. Қалған заң жобалары палаталарда қарау немесе Үкімет деңгейінде бекіту сатысында.

Парламент Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын бақылау жөніндегі парламенттік комиссияның құрамын бекітті. Комиссия құрамынан шығарылған экс-депутаттар Ақмарал Әлназарова, Асқар Шәкіров және Динара Шүкіжанованың орнына сенаторлар Ольга Булавкина мен Евгений Больгер, сондай-ақ Мәжіліс депутаты Айтуар Қошмамбетов кірді.

СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев Тәжікстанның Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасының бірінші орынбасары Раджаббой Ахмадзодамен кездесті. Сұхбат барысында тараптар екіжақты қарым-қатынастарды және парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Тәжікстан Қазақстанның стратегиялық серіктесі және маңызды одақтасы екенін атап өтті. Кездесуде мемлекет басшыларының жеке достық пен сенімге негізделген байланысы мен сындарлы диалогі осындай тиімді ынтымақтастықтың кепілі екені сөз болды.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы екі ел Парламенттерінің палаталары арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның бірінші отырысына назар аударып, оның қорытындысы бойынша қол қойылған Парламентаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Жол картасы аясында өзара іс-қимылды арттырудың маңызы зор екенін айтты.

«Елдеріміз арасындағы қарым-қатынас барлық салада қарқынды дамып келеді. Стратегиялық байланысымызды одан әрі арттырудың маңызды тетіктерінің бірі парламентаралық ынтымақтастықты нығайту екені анық. Парламенттеріміздің палаталары арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның екінші отырысы барысында белгіленген міндеттер алдағы

бірлескен жұмысымызда айрықша мәнге ие. Олар климаттың өзгеруіне қарсы күрес, су ресурстарын тиімді пайдалану және басқа да мәселелерде өзара серіктестікті нығайта түседі деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара іс-қимылды дамыту мәселелеріне де назар аударды.

Раджаббой Ахмадзода кездесу үшін Мәулен Әшімбаевқа алғысын білдіріп, алдағы уақытта парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

Сонымен қатар сұхбат кезінде тараптар XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатында достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарт жөнінде пікір алмасты. Аталған құжат Шолпан-Ата қаласында өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының IV Консультативтік кездесуінде келісілген болатын.

ШЫҰ Жастар кеңесінің отырысы өтті

Астанада «Экологиялық ортадағы жастар көшбасшылығы: ШЫҰ шеңберінде тұрақты болашаққа жол салу» тақырыбында Шанхай ынтымақтастық ұйымы Жастар кеңесінің XVII отырысы өтті. Ұйымдастырушы – «АМАНАТ» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанаты. Іс-шараға Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов қатысты.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше және байқаушы 10 мемлекеттің 150-ден астам делегаты – жас көшбасшылар ұйымның Жастар кеңесінің кезекті отырысына қатысу үшін елордада жиналды. Іс-шара ШЫҰ мемлекет басшыларының Астана Саммиті қарсаңында өтуде. Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов жиынға қатысушыларды құттықтап, сөз сөйледі.

«Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету шеңберінде 2024 жылды – «Экология жылы» деп жариялады. Біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев экологиялық күн тәртібін ілгерілетпей, қоғамның әл-ауқатын арттыру мүмкін емес екенін атап өтті. Климаттың өзгеруі, табиғи апаттардың жиілеп кетуі мен олардың ауқымы кеңеюі бізден бірлескен күш-жігерді қажет ететінін түсінуіміз керек. Бұл істе жастар қауымы шешуші рөл атқаруы керек. Бүгін сіздердің тараптарыңыздан экологиялық сын-қатерлерді еңсеру бойынша тың әрі батыл шешімдер ұсынылатынына сенімдімін», – деді ол.

Мәжіліс Спикері соңғы уақытта ШЫҰ-ға мүше әрбір ел климаттың өзгеруі салдарымен бетпе-бет келгенін ерекше атап өтті. Мәселен, Үндістанда әдеттен тыс аптап ыстық орнады, Қытайдың кейбір провинцияларында нөсер жаңбыр жауып, дауыл соқты, Ресейді алапат су тасқыны әбігерге салды, Қазақстан да соңғы 80 жылда болмаған дәл осындай ірі табиғи апатқа тап болды.

«Бұл – шұғыл шара қабылдау қажет екенін көрсетіп отырған нақты белгі. Сондықтан біз заңнамалық базаны нығайту және жасыл күн тәртібін ілгерілету ба-



ғытында жұмыс істеуіміз керек», – деді Е.Қошанов.

Осы орайда «АМАНАТ» Төрағасы экология мәселесіне қатысты Қазақстанда қабылданып жатқан жүйелі шараларға тоқталды. Мәселен, су ресурстарын пайдалану тәсілін түбегейлі өзгертетін жаңа Су кодексі әзірленуде. 2025 жылға дейін елімізде 2 миллиард түп ағаш егіледі. Президент бастамасы бойынша жаңа экологиялық сана қалыптастыруға және әр азаматты күн сайын қоршаған ортаның тазалығын сақтауға, оны өмір салтына айналдыруға шақыратын «Таза Қазақстан» жалпыұлттық ауқымды акциясы жарияланды.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова қазақстандық жастардың қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жұмысы туралы айтты. Президенттің «Таза Қазақстан» акциясына 2,4 млн-нан астам адам қатысты, 900 мың тоннадан астам қоқыс жиналды, 2,5 млн-ға жуық жасыл желек егілді. 5 мыңнан астам тарихи-мәдени мұра нысандары қайта қалпына келтірілді.

«Жуырда Астана мен Алматы арасындағы ұзындығы 1200 шақырымды құрайтын тасжолды қоқыстан тазартуға бағытталған партиялық іс-шара аяқталды.

Әр апта сайын партиялықтар еліміздің барлық өңірінде аумақтарды тазалауға арналған «Таза бейсенбі» науқанын өткізеді. Небәрі екі аптада шамамен 3 мың тонна қалдық жиналды. Жиналған қоқыс қайта өңдеуге жіберіледі», – деді ол.

Сонымен қатар Акерке Искандерова «Жастар Рухы» төрағалығы шеңберінде ШЫҰ Жастар кеңесі мүшелерінің есірткі қылмысына қарсы бірлескен іс-қимылына баса назар аударды. Нашакорлықпен күресу, оған заң аясында қарсы тұру барысында тәжірибе алмасу мәселесіне ерекше мән берілді. Осы жұмыс нәтижесінде ШЫҰ елдеріндегі жастар ұйымдарының есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылының ұжымдық жоспары әзірленді.

Қытай Халық Республикасының өкілі, Бүкілқытайлық жастар федерациясы бас хатшысының орынбасары Дун Ся жастардың экологиялық білімін арттырудың маңыздына назар аударды.

«Біз қоршаған ортаны қорғау тұжырымдамасын қарапайым әрі түсінікті тілмен баяндаймыз. Креативті жастар қоршаған ортаны қорғау саласында шексіз әлеуетке ие. Ол адамзаттың дамуына ықпал етеді. Астықты ұқыпты пайдалануға шақыратын жастар акциясы белсенді түрде жүзеге асырылуда», – деді ол.

Ресей Федерациясы Мемлекеттік думасының депутаты Денис Кравченко экономика өсімінің драйвері ретіндегі креативті индустрияның рөлі туралы айтты. Үндістан Республикасы Үкіметінің Жастар ісі жөніндегі департаменті хатшысының орынбасары Нитеш Кумар Мишра өзендер мен су айдындарын тазарту және суды үнемді пайдалану бағдарламалары туралы тілге тиек етті. Ал Өзбекстан Республикасы Жастар ісі агенттігі жанындағы Институт директоры Ақтам Жалилов волонтерлердің Арал теңізінің түбін мелиорациялауға қосқан үлесі туралы баяндады.

Отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар ШЫҰ елдеріндегі жастар ұйымдарының ынтымақтастығын нығайту жөніндегі бірлескен қарар қабылдады. Құжат эко-волонтерлердің халықаралық штабын құруды, жыл сайын экологиялық жобалар конкурстарын ұйымдастыруды және тағы басқа көздейді.

Сонымен қатар делегаттар бірауыздан шешім қабылдап, Беларусь Республикасы мен Иран, Ислам Республикасының ШЫҰ Жастар кеңесіне кіруге өтінімдері мақұлданды. Осылайша, ұйымға мүше мемлекеттер саны 10-ға жетті. ШЫҰ Жастар кеңесіне төрағалық ету кезегі Қытай Халық Республикасына өтті.

Ел бюджетінде қаржылық баланс жоқ

Мәжілісте Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселенің бірі 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы болды. Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есебін тыңдаған партия фракциялары жиын қорытындысында оны қабылдауға қатысты дауыс берді.

Отырыста «АМАНАТ» партиясы атынан республикалық бюджеттің 2023 жылғы орындалуына байланысты Фракция жетекшісі Елнұр Бейсенбаев баяндама жасады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2029 жылға қарай ұлттық экономиканы екі есеге өсіру туралы тапсырмасын еске салған ол Үкімет пен билік үшін алдағы 6 жыл – тынымсыз жұмыс пен қажетті шешімдер қабылдайтын кезең болатынын атап өтті. Осы ретте экономикалық ахуал әлде көңіл көншітпей отырғанына тоқталды.

«Мысалы, елімізде жұмыс істейтін 10 миллион адамның 9 миллионында несие бар болса, борышкерлер реестрінде, яғни қарызын қайтара алмай, қиналып жүрген жеке тұлғалардың саны 3,4 миллион адам. Оған қоса, еліміздегі тұтынушылық несие көлемі 2022 жылы 13,2 трлн теңге болса, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 18,2 трлн теңгені құрап отыр. 1 жылда несие алушылардың сомасы 5 триллионға өскен. Бұл цифрлар халықтың қарызға өмір сүріп жатқанының айқын көрінісі. Бұл – бір.

Екінші, 2023 жылғы бюджет қаражатының 489 млрд теңгесі тиімсіз жұмсалған. Оның ішінде 70 млрд теңге игерілмеген, 87 млрд теңге қазыналық шотта қалып қойған. Сол секілді елімізде төлемдердің шамамен 70 пайыздан астамы банк карталары мен жүйелері арқылы қолма-қол ақшасыз түрде жүргізілсе де, көлеңкелі экономиканың үлесі үлкен. Ол ресми деректер бойынша – 25%. Ал бейресми мәліметтер бойынша одан әлдеқайда көп.

Келесі, ел болып табатынымыз – 14,5 триллион, ал жұмсайтынымыз – шамамен 23 трлн. Яғни, 35 пайыз мемлекеттік бюджет қарыздан, қордан құралады. Бұл – өте қауіпті құбылыс, яғни қаржылық баланс жоқ. Оған қоса, мемлекеттік қарыз сомасы жылдық бюджеттен асып жығылып 27 трлн теңгені құрауда. Ол бойынша төлейтін қызметтік шығындарымыз жылына 3 трлн жуық қаражатты құрап отыр.

Осы олқылықтарға қарамастан, Үкімет тарапынан бюджет тапшылығын Ұлттық қор есебінен жабу әлі тоқтамай келеді. Ал

қорымыздағы жағдай да мәз емес. Ұлттық қор деп ауыз толтырып айтқанымызбен, онда жинақталған 60 миллиард доллар Қазақстанның сыртқы қарызына пара-пар қаржы ғана», – деді Е.Бейсенбаев.

Фракция жетекшісі, сондай-ақ ұлттық жобалардың орындалуында да олқылықтар кездесетінін атап өтті. Мысалы, Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2022 жылдың қарашасынан бастап іске қосылған «Жайлы мектеп» жобасы үш рет қайта қаралған. Саны қысқарып, бастапқы межелеген 401 мектеп 369 мектепке азайған. Сондай-ақ әрбір мектептің жобалық-сметалық құжаттамасын дайындау шығыны да 35%-ға өсіп кеткен.

«Ауылдағы балалардың ең үздік мектептерде білім алсын деген Президенттің бірегей жобасын сапалы әрі уақытылы орындауға міндеттіміз. Әріптестер сөз басында бюджеттің атқарылуы бойынша бірқатар сыни мәселеге тоқталып өттік. Әрине, жұмыс болған соң, қателіктердің болатыны анық. Сондықтан Парламенттегі ең ірі фракция ретінде, жоғарыда көтерілген мәселелердің осы жылдың соңына дейін он шешімін табуын сұраймыз», – деді Елнұр Бейсенбаев.

Депутат проблемаларды көтеріп қана қоймай, бюджеттің атқарылуындағы

жетістіктерге де назар аударды. Үкіметтің күрделі кезеңде жұмыс істеп жатқанын атап өткен ол «АМАНАТ» партиясы Үкіметтің есебін қолдайтынын жеткізді.

«Былтыр әлемде геосаяси тұрақсыздықтар, валюта нарығындағы ауытқулар мен дәстүрлі логистикалық байланыстардың үзілуі жиі болып, олар еліміздің экономикасына теріс әсерін тигізгені белгілі. Соған қарамастан, елімізде инфляция көлемі былтырғымен салыстырғанда екі есеге төмендеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық экономиканың өсімі 5,1% құрады. Бұл – бір. Екіншіден, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жұмысы да табысты іске асып, одан түскен қаражатқа қажетті әлеуметтік нысандар салынуда. Үшіншіден, республикалық бюджеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелері толық көлемде орындалып келеді. Төртіншіден, еліміздегі ең ірі өнеркәсіп орны «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы мемлекет иелігіне қайтарылды. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, «АМАНАТ» фракциясы Үкіметтің 2023 жылғы республикалық бюджеттің игерілуі туралы есебін бекітуге болады деп есептейді», – деді фракция жетекшісі.



«ТАЗА БЕЙСЕНБІ»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

«Таза Қазақстан» экоакциясы аясында «AMANAT» партиясы «Таза бейсенбі» іс-шарасын кең көлемде жалғастыруда.

Бар болғаны үш апта ішінде «AMANAT» партиясының мүшелері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері елдің әртүрлі аймағын 3 500 тоннадан астам қоқыс жинады. Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясындағы «Таза бейсенбі» акциясына 30 мыңнан астам адам қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрақты республикалық «Таза Қазақстан» акциясын жариялағаны белгілі. Президент атап өткендей, Қазақстан әрқашан таза әрі көз сүйсіндіретін ел болуы керек және бұл өмір салтына айналуға тиіс. Осылайша, 6 маусымнан бастап «AMANAT» партиясының мыңдаған белсенділері мен мүшелері «Таза бейсенбі» акциясы аясында әр бейсенбі сайын әртүрлі аумақты қоқыстан тазарту жұмысын жүргізіп келеді.

Мысалы, бүгін Астанада партия мүшелері қала сыртын қоқыстан тазарту үшін Қостанай тасжолының маңындағы аумақты белгіледі. Ұқсас іс-шаралар басқа аймақтарда да өткізіледі.

«Біз бүкіл ел бойынша шамамен 400 учаскедегі осындай заңсыз қоқыс орындарын тандадық. Әр учаскеге мәслихат депутаттары, белсенділер және



бастапқы партия ұйымдарының басшылары бекітілген. Жақында «Жастар Рухы» жастар қанатының goad-эстафетасы аяқталды, шамамен 2 мың белсенді бір аптадан аз уақыт ішінде «Астана – Алматы» тасжолын тазартып, 100 тоннаға жуық қоқысты қайта өңдеуге жіберді. Біз экологиялық сананы және мәдениетті қазірден бастап қалыптастыруымыз керек. Президент айтқандай, «Таза Қазақстан» – жай ғана акция емес, бұл – өмір салты», – деді «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев.

Еске сала кетейік, су тасқынының қауіпті кезеңі аяқталғаннан кейін «AMANAT» партиясының 4 мыңға жуық белсендісі мен «Жастар Рухы» жастар



қанатының волонтерлері қарғын судан зардап шеккен тұрғындардың баспанасын ретке келтіруге көмектесті. Еліміздің барлық өңіріндегі барша партиялықтар саябақты, скверді, ауланы тазартып, тарихи-мәдени және табиғи ескерткіштерді тазалауда. Сондай-ақ сенбілікке шығып, ағаш егеді және өзге де іс-шараларды ұйымдастырады. Мәселен, 27 сәуірде, яғни небәрі бір күнде ел аумағында партиялықтар 55 мың түп ағаш екті.

Сондай-ақ экологиялық мәселелерді шешу – «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған маңызды басымдықтың бірі. Сайлауалды уәделерді жүйелі жүзеге асыру жұмысы аясында былтыр мемлекеттік орман қоры

аумағына 302,7 млн түп ағаш егілді. Сонымен қатар 39 ірі өнеркәсіптік кәсіпорнында ауаны ластауын бақылайтын автоматтандырылған жүйе орнатылды.

2027 жылға қарай партияның сайлауалды бағдарламасы аясында тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін 36%-ға дейін ұлғайту, Жайық өзенінің экожүйесін қалпына келтіру, Балқаш көліне тұрақты су ағынын қамтамасыз ету, ауа сапасының индексінің енгізу, ластанған елді мекенде кәсіпорынның ауаны ластау нормативтерін 40%-ға дейін төмендету, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған 16 су қоймасын қайта жаңарту және жаңадан 14 су қоймасын тұрғызу жоспарлануда.

Павлодарлықтар өзен жағасын тазалады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бастамасын іске асыру аясында бүкіл ел бойынша ауқымды тазалау және экологиялық іс-шаралар жалғасуда. Осы аптада павлодарлықтар қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнын ретке келтіру үшін Усолка өзенінің жағасына жиналды.

«AMANAT» партиясының мүшелері, «Жастар Рухы» ЖК, Жастар бастамаларын дамыту орталығының белсенділері, Торайғыров университетінің студенттері, Freedom Team командасының өкілдері жағалау аймағының 3 шақырым жерін тұрмыстық және құрылыс қоқыстарынан тазалады. ТКШ басқармасы белсенділерге көмек ретінде арнайы техника ұсынды.

«Тазалық жиналатын жерде емес – тазалық сақталатын жерде» дейді халық даналығы. Акцияның басты мақсаты – туған өлкеге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, табиғатқа қамқорлық жасау және тазалықты, сұлулықты, жайлылықты сақтау. Біздің акциямыз қазақстандықтарға үлгі болады деп үміттенеміз», – деп атап өтті «AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Айнұр Мұхамедьярова.

Бірнеше апта бойы акцияны жастар бастамаларын дамыту орталығының өкілдері белсенді қолдады. ЖБДО басшысы Ризат Рахымжанов бүгінгі күні тазалықты қолдаудың қарапайым ережелері еленбейтінін атап өтті.

«Жазғы кезеңде қазақстандықтар табиғатқа, қорық орындарына барады, жағажайларда шомылады және демалады. Біз барлығын тәртіп пен тазалықты сақтауға назар аударуға шақырамыз. Егер сіз бір жерде қоқыс жиналғанын көрсеңіз, оны арнайы белгіленген жерге апарыңыз, бейжай қарамаңыз», – деді ол.

Маусым айының басынан бастап облыс бойынша «Таза бейсенбі» акциясы аясында 40 тоннадан астам тұрмыстық, құрылыс, табиғи қалдықтар жиналды. Акция тұрақты негізде жалғасады.



Сайлауалды бағдарлама: Глубокоедегі қоныстой

«AMANAT» партиясының Шығыс Қазақстан облысы бойынша сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға арналған Жол картасы аясында Глубокое кентінде «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасымен 12 отбасыға жаңа үйдің кілттері табыс етілді.



Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Глубокое ауданында 2027 жылға дейін 7,2 мың шаршы метр тұрғын үй салыну жоспарланған.

«Ауданымыздың тұрғындары қоныс тойларын тойлауда. Бүгінде ауданымыз бойынша «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Тұрғын үйлердің құрылыстарының сапасын депутаттар мен қоғамдық кеңестердің өкілдері тексеріп сапалы жүргізілуіне барынша атсалысты», – дейді Глубокое аудандық мәслихатының төрағасы Алтай Қалиғожин.

Аталған баспаналар бірінші кезекте көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға берілді. Бүгін баспанаға ие болған 12 отбасының бе-

сеуі – көпбалалы, ал қалған жетеуі – әлеуметтік осал топтарына жататын тұрғындар. Тұрғын үйлердің құрылысы басталған сәттен толық аяқталып қолданысқа берілгенге дейін «AMANAT» партиясының атынан сайланған аудандық мәслихат депутаттары мен партияның аудандық филиалы бірнеше мәрте тексеріп бақылауда ұстады.

«Өзіміздің баспанамыздың болғанына қуаныштымыз. Мемлекетіміз қашанда көпбалалы отбасыларға көңіл бөлуде. Менің төрт балам бар, бесінші сәбиімізді күтіп жүрміз. Бұйырса жаңа баспанада дүниеге келетін болады», – дейді кент тұрғыны, көпбалалы ана Әйгерім Сабыржанқызы.

Қазақстан посткеңестік кеңістікте «№1 елге» айналды. Бірақ бұл мақтанш тудыратын жайт емес: республика такси тасымалы тарифінің қымбаттығы жөнінен ТМД елдері арасында бірінші орынға шықты. Әлемдік рейтингте такси қызметінің құны бойынша Қазақстан 73-орынға көтерілді. Оның алдында негізінен дамыған, ауқаттан ықылдық атқан бай мемлекеттер тұр. Депутаттар парадоксты жағдайға назар аудартады: ресейлік «Яндекс.Такси» әуежайдан елорда орталығына тасымалдау үшін Ресейдің екі қаласы арасындағы сапарға жетеабыл көлемде ақы сұратады.

ЖҮЙТКІДІ ТАКСИ, самзасы ТАРИФ

Айхан ШӘРІП

ТАКСИДІҢ ҚҰНЫ – АСПАНДА

Такси қызметі елордада да күрт қымбаттады. Әлеуметтік желіні астаналықтар мен қала қонақтарының ашулы пікірлері кернеп тұр. Яндекс Go такси бағасының көтерілгеніне Астана көшелерінің бірінен соң бірі жүздеуге жабылып, кептелістердің көбейгенін айыптады. Таксистер көздеген жерге тез жету үшін айналма жолдарды пайдалануға мәжбүр.

Астана әкімдігінің мәліметінше, жол салу маусымының қысқа болуына байланысты бас қаланың бір мезгілде бірнеше көшесінде белсенді жол құрылысы жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл әкімдік жол инфрақұрылымын жаппай жаңғыртып шығуға екпін түсірген екен. Әйткенмен, елордада жолдар құрылысы аяқталған соң такси тарифтерінің кері оралып, арзандайтынына еш кепіл жоқ.

Тарифтердің қымбаттағанына қарамастан, қазақстандықтарға такси қызметін көп пайдалануға тура келеді. Өйткені азаматтардың бәрінде бірдей жеке көлік жоқ, автопарктердің біразының дәрменсіз жағдайға жетуіне байланысты қалаларда автобустар көп кешігіп келеді.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2024 жылғы қаңтар-сәуірде Қазақстан бойынша таксишілер 21,2 миллион жолаушыны тасыпты. Сөйтіп, бір жыл бұрынғыдан 8,6%-ға өсті.

Ең көп өсім Батыс Қазақстан облысында байқалды: былтырғы ұқсас мерзіммен салыстырғанда бірден 3,5 есе артып, 3,8 миллион адамға жетті. Екінші орынға 3 миллион жолаушы көрсеткішімен Алматы қаласы шықса, үштікті Астана (2,7 млн) түйықтады. Ары қарай Қарағанды (1,4 млн) және Қостанай (1,3 млн жолаушы) орналасқан.

Такси қызметіне сонша зәру емес облыстардың көшін жана Жетісу облысы бастады: 696,8 адам тұратын бұл өңірде биылғы төрт айда таксимен 353,7 мың сапар ғана жасалған. 707,6 мың халық өмір сүретін Атырау облысында және 1,5 миллионнан астам адам мекен ететін Алматы облысында «таксилету» өзін ақтамайтын кәсіпке айналып бара жатқандай: қаңтар-сәуірде бұл облыстардың тұрғындары тиісінше 407 мың және 422,2 мың рет қана такси қызметіне жүгініпті.

Қалай болғанда, жолаушылар тасымалымен айналысатын компаниялардың кірісі биылғы қаңтар-сәуірде 2,8 миллиард тенгеге дейін өсті. Былтырғы ұқсас кезеңде 1,8 млрд тенге болған. Өсім

ресейлік «Яндекс.Таксиді» тәртіпке шақыруды талап еткен болатын.

– Күрделі жағдай қалыптасты: ресейлік агрегатор такси қызметі нарығында түпкілікті үстемдік ете бастады. Ол тіпті біраз қала мен елді мекенде монополистке айналып кетті. «Яндекс.Таксиді» қарқынды өскен үлесі қазақстандық осы нарыққа бақылау жүргізуге және бағалардың өсімі-

табысы шамалы болып тұр, – дейді Мәжіліс депутаты.

Сондықтан парламенттік фракциялар Үкіметке «Яндекс.Такси» және басқа компаниялардың тарифтерін және комиссияларын төмендетуді ұсынды. Мысалы, сервистердің өз электрондық қызметі үшін әрбір тапсырыстан алатын комиссиясын 5-7%-бен шектеу, болмаса, 50-70 тенге бекітілген ақы орнату қажет. Десек те, бұл ұсыныстар қабылданбапты.

ОТАНДЫҚ СЕРВИС НЕГЕ ДАМЫМАДЫ?

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі 2023 жылғы желтоқсанда «Яндекс. ТаксиКорп» ЖШС-ға қатысты антимонополиялық тергеуді аяқтағанын жеткізді. Оның қорытындысында таксопарктердің экономикалық қызметін үйлестіргені, таксилердің бақылау-кассалық аппараттармен жабдықталмағаны және оларға техникалық қолдау қызметтері

жылы оның сомасы 7-10 млрд тенге болады. Мұнда жүргізушілерге берілген бонустардың жалпы көлемі 2024 жылдың бірінші тоқсанында 6,2 млрд тенгеге жетті, – деді Экономика министрі.

Бұдан бөлек, «Яндекс» астаналық және алматылық жүргізушілер үшін қосымша бонустық бағдарлама енгізді: оларға 2023 жылдың желтоқсанында – 400 млн, 2024 жылғы қаңтарда 700 млн тенге төленді.

Бұған қоса, «Яндекс.Такси» такси қызметтеріне ең жоғары сұраныс туындаған жағдайда, мысалы, қолайсыз ауа райында немесе мереке күндері тарифті үш еселенген коэффициентпен көтеруге шектеу енгізбек. Яғни, тыйым салынбайды, тек шектеу: бір тоқсанда мұндай қымбаттатылған сапарлардың жалпы үлесі 5%-дан аспайтын болады. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында үш еселенген коэффициентпен өсірілген тапсырыстардың жалпы саны 238 мыңды құрады.

Бірақ бұлардың бәрі – уақытша шаралар, тиісінше, ресейлік агрегатор кез келген күні олардан бас тарта салуы мүмкін. Демек, салада қордаланған мәселелер толыққанды шешімін тапқан жоқ.

Мысалы, «Яндекс.Такси», Индрайвер сияқты агрегаторлар арқылы таксилетіп табыс тапқысы келетін барлық жүргізушіні белгісіз бір таксопарктерге мәжбүрлі тіркейді. Ол делдалдар жүргізушілерге еш қызмет көрсетпесе де, тапқан табысының 4%-ын жолай ұстап қалады.

Вице-премьер Нұрлан Байбазаров бұл өнімсіз делдалдарды жою мәселесі пысықталып жатқанын жеткізді. Жолаушылар мен жүргізушілердің мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету үшін Үкімет Мәжіліске заң жобасымен кіреді. Ол заңнамалық түзетулерге Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бастамашылық жасады. Бұл құжатқа сәйкес, жүргізушілерге такси парктеріне тіркелуі, Яндекспен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сарапшылар ресейлік компанияларға балама болар отандық такси агрегаторларын дамытуды ұсынып келеді. Ұлттық экономика министрінің айтуынша, мұны Astana Hub Халықаралық ІТ-стартаптар технопаркі жүзеге асыруы тиіс еді. Бұл технопарктың қатысушылары үшін отандық ІТ-өнімдерді ілгерілету және танымал ету мақсатында преференциялар, салық жеңілдіктері ұсынылды, мемлекет оларды тиісті инфрақұрылыммен, кеңселермен, өндіріс орындарымен қамтыды, тіпті шетелден мамандар алғызуы үшін визалық қолдау көрсетіп, алтын виза тарата бастады. Бірақ ресейліктерге пәрменді бәсеке құрай алатын өнім пайда болған жоқ.

Сондықтан уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері бұл істі өз қолына алды: тасымал қызметтерін көрсету саласында отандық ІТ-өнімдерді қолдау үшін Relog көлік-тасымал компаниясының, «Такси5+», Араги, «Төлем Такси» жолаушылар тасымалы сервисінің, Choco Holding, Meta-поіа такси шақыру сервистерінің өкілдерімен кездесіп, келіссөздер өткізіп жатқан көрінеді. Одан не нәтиже шығатыны белгісіз. Қазақстандық такси нарығы болса, күн сайын «Яндекстің» жұтқыншағына жұтылып барады.



ЕМАР ҚАБА (КОЛАЖ)

– 53,8%. Бұған олар тасымал тарифін көтеріп те қол жеткізсе керек.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылғы мамырда такси қызметі тағы 11,7%-ға қымбаттаған. Сектордағы ең ірі қымбатшылықты алматылықтар (31,3%), сондай-ақ ақтөбеліктер (22,1%) және батысқазақстандықтар (21,3%) сезінді.

Numbeo порталының биылғы 11 маусымда жариялаған дерегінше, Қазақстан такси құнының арзандығы рейтингі бойынша тізім соңына – 95-ші орынға түсті. Қазақстанда 1 шақырым жол үшін орта есеппен 0,67 доллар сұралады. Бұл – ТМД елдері арасындағы ең жоғарғы баға.

Сарапшылар мұның кесірі туризм саласына да тиіп тұрғанына назар аудартады: елді қымбатшылық жайлағанын білетін шетелдіктер көшпелілер әлемімен танысу үшін Қазақ елінен гөрі, Өзбекстан, Қырғызстан мен Монғолияны таңдайды.

Салыстырсақ, 1 шақырым сапар үшін такси тарифі Арменияда – 0,28 доллар, Өзбекстанда – 0,29 доллар, Украинада – 0,3 доллар, Беларусьте – 0,31 доллар, Ресейде – 0,34 доллар.

ТАКСИШІЛЕР ҚАНША ТАБАДЫ?

Жуырда «АМАНАТ», «Қазақстан халық партиясы», «Ақ жол» фракцияларының бір топ депутаты басты кетіп, көліксіз халықтың қалтасын қаға бастаған такси қызметін, әсіресе

не, бүкіл нарықтағы жағдайға ықпал етуге жетеді. Былтыр осы сұмдыққа аландаған антимонополиялық орган ресейлік компанияның қызметін реттеуге талаптанып көрді. Алайда «Яндекс. Таксиді» әр сапардан алатын комиссиясы сол бұрынғыдай жоғары болып қалды және ол жолсапардың ақырғы құнына қатты әсер етеді, – деді Мәжіліс депутаты Ислам Сұңқар.

Оның мәліметінше, тарифіне және өңіріне қарай ресейлік сервис әрбір жолсапар құнының 11-ден 17%-ына дейін жететін комиссия алады. Мұның сыртында таксопарктер де таксистерден 4% ақы жинайды.

Ислам Еркінұлы шенеуніктердің жоғары және жұртшылыққа жалған, көркем есеп беретініне назар аударды: мысалы, ақпарат құралдары ресми деректерге сілтеп, 2023 жыл қорытындысында қазақстандық таксистердің «Яндекс.Такси» арқылы табатын айлық кірісі 493 мыңға жеткенін жарыса жазды.

– Кіріс дегеніміз – таза табыс емес. Бұл сомандан түрлі, қаптанған комиссия ұсталады. Жүргізуші жанар-жағармайға, көлігін жууға, жөндеуге, запастық бөлшектерін ауыстыруға көп шығындалады. Олардың бағасы да өсіп барады. Бұл шығыстарды әрбір 1 мың тенге тапсырыстан алып тастаса, жүргізушіге шамамен 400 тенге қалады. ТМД кеңістігінде аққұла қазақстандықтардың таксиге тым жоғары ақы төлегенін әділетсіздік деп санаймыз. Алайда жүргізушілердің де бұл сомандан алатын таза



Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылғы мамырда такси қызметі тағы 11,7%-ға қымбаттаған. Сектордағы ең ірі қымбатшылықты алматылықтар (31,3%), сондай-ақ ақтөбеліктер (22,1%) және батысқазақстандықтар (21,3%) сезінді.



көрсетілмегені үшін Яндекс әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оған айыппұл салынған.

Сонымен қатар агенттік «Яндекс.Таксимен» монополияға қарсы комплаенс туралы келісті. Оның аясында бірқатар іс-шара жүзеге асырылып жатыр.

– Біріншіден, жүргізушілердің табысын арттыру үшін 2023 жылғы 14 желтоқсаннан бастап, тапсырыс ақысы сапардың базалық құнынан екі есе асып кеткенде алатын Яндекстің комиссиялары жойылды. Мұның экономикалық әсері жылына 2 млрд тенгені құрайды. Бұл ретте осы бастама салдарынан компанияның ала алмаған комиссиясы 2024 жылдың бірінші тоқсанында 47 млн тенгені құрады. Жүргізушілер үшін қосымша бонустық бағдарлама енгізілді. Сала айналымына және инфляцияға қарай 2024

Дамушы елдер қатары индустриялық экономиканы қалыптастырып үлгермей жаһандық нарықта цифрлық экономика өз ережелерін енгізе бастады. Ол үлкен деректер технологиясы негізінде құрылады және инновациялық шешімдердің дамуына, экономикалық көрсеткіштердің өсуіне ықпал етеді. Қазір бұл еліміздің ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттарына негіз болып отыр. Мұндай экономика нарықтағы процестердің жаһандануына және қоғамның әлемдік экономикаға интеграциясына оң әсер етпек. Әсіресе, халықты жұмыспен қамтуға, бизнес субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға сеп болады.



Елшар ҚАБА (коллаж)

БАҒАСЫ «ТӘТТІ», САПАҒА «ҚАТТЫ» ҒАЛАМТОР

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ПАЙДАЛАНАТЫН ТОП ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР:

	TikTok - 14,1 млн,
	Instagram - 12,1 миллион,
	Facebook - 2,6 млн,
	LinkedIn - 1,4 млн,
	Snapchat - 1,07 млн,
	X (бұрынғы Twitter) - 320,3 мың

Кәмила ЕРКІН

Жаһандық интернет жылдамдығын талдаушы әлемдік жетекші Ookla компаниясының Speedtest Intelligence индексі деректеріне сәйкес, былтыр Қазақстан бірден 23 позицияға көтеріліп, 72-орынға тұрақтаған. Осылайша, еліміз аймақтағы көршілес Өзбекстан (95-орын), Қырғызстан (100-орын) және Тәжікстан (141-орын) арасында көш бастап тұр.

Алайда егер осы көрсеткіштерді Datareportal компаниясының Жапониядағы интернет туралы есебімен салыстыратын болсақ, онда қазақстандық интернеттің жылдамдығы әлі де төмен. Мысалы, сол күн шығыс елінде мобильді интернеттің орташа жылдамдығы – 46,28 Мбит/с, ал желілік интернеттің орташа жылдамдығы – 185,71 Мбит/с. Былтыр Қазақстанның цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі экс-министрі Бағдат Мусин Астанадағы интернет Токиоға қарағанда жылдамдық екенін айтқан болатын. Экс-министр байланыс сапасының нашарлығына шағымданған азаматтарға: «Қазақстандықтар интернет-трафикті көп мөлшерде – 15-20 гигабайт, ал дамыған елдердің азаматтары 9,9 гигабайт ақпарат тұтынады. Сондықтан байланыс сапасын жақсарту үшін адамдар мобильді интернетті үнемдеп, Wi-Fi желісіне ауысуы керек», – деді ол.

Ауыл тұрғындары онсыз да байланыс сапасы нашарлағандықтан, осындай әрекетке көшкендерін айтуда. Мәселен, оңтүстік өңірдегі Сарыағаш қаласының тұрғыны Әсел Болатова ұялы байланыс оператор-

ларының қызметіне көңілі толмағандықтан, үйіне арнайы Wi-Fi желісін орнатуға мәжбүр болған.

– Ауылда интернеттің өзі әрең ұстайтынын білесіздер. Сол үшін 5 ай бұрын Wi-Fi желісін орнатып көрдік. Ол ұялы телефонға қарағанда жап-жақсы істеп тұрды. Бірақ шатаспасам, жылдамдығының нашарлағанына бір айдан асып қалды. Тұрғындар оған да ауылымыздың сай жерде орналаспағаны әсер еткен шығар деп шамалайды. Бағасы өсті, бірақ сапасы керісінше нашарлап жатыр. Соны түсінбей отырмыз. Алғаш қондырғанда 10 мың теңге еді, қазір 10 500 теңге төлейміз. Отбасы мүшелерінің барлығы пайдаланатындықтан, өзіміз үшін тиімді баға деп ойлаймын. Қазір жолдасым ғана жұмыс істейді. Ай сайынға табысы 120 мың теңге. Дегенмен Wi-Fi-дың құны қымбат демесем де, сол ақшаға интернетіміздің сапасы татымайтынды көрінеді. Себебі кейде интернеттің жылдамдығы бәсеңдей бастаса, біріміз Wi-Fi-дан шығып кетуімізге тура келеді, – дейді ол.

Шалғайда орналасқан ауыл тұрғындары бағасы сапасынан озық келе жатыр деп қынжылса, еліміздің қак төрінде орналасқан Астананың өзінде де интернеттің сапасы сын көтермейді. Елордалық жеке кәсіпкер Алия Күмісбайқызының айтуынша, желілік интернеттің де, оптикалық интернеттің де жылдамдығы көңіл көншітпейтін көрінеді.

– Бастапқыда пәтеріміз «Қазақтелекомның» интернет желісіне қосылған болатын. Сол себепті жылдамдығы нашар болған шығар деп ойладық. Бірақ қазіргі үйімізде оптикалық желіге қосылсақ та, жылдамдығынан аса бір өзгеріс байқаған жоқпыз. Астананың өзінде байланыс операторлары мен интернет қызметінің сапасы осындай төмен

деңгейде. Кейде үйде отырып жұмыс істеу қажет болғанда, не Wi-Fi, не ұялы телефондағы интернетке қосылып жұмыс істей алмайсың. Елорданың өзінде неге байланыс қызметтерінде осындай проблема болатынын түсіне алмай-ақ қойдық, – дейді ол.

Салыстырар болсақ, қазір елімізде ұялы желілер арқылы мобильді интернетке қосылудың орташа жылдамдығы – 35,49 Мбит/с, желілік интернетке қосылудың орташа жылдамдығы – 51,41 Мбит / с. Datareportal

ша шаралар әзірленген деп жауап қатты. Мемлекеттік деңгейде қазір қандай шара қабылданды да, 1 шілдеден бастап «Қазақтелеком» АҚ мұрағаттық тарифтер желісінің кейбір тарифтік жоспарларына тариф бағасын қымбаттатпақ.

Internet Accessibility Index деректері бойынша, республика әлем елдері арасында ең төменгі мобильді интернет құны бойынша алтыншы орында. Қазақстандағы абоненттер 1 ГБ мобильді деректер үшін бар болғаны 0,6 АҚШ долларын төлейді.

Зерттеу деректері бойынша, Қазақстанда әлеуметтік желілерді 14 млн-нан астам адам пайдаланады. Бұл жалпы халықтың шамамен 71,5% құрайды.

агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, елімізде мобильді интернет жылдамдығы 2023 жылы 68,6% -ға өскен. Ал 2022 жылы орташа жылдамдық 21,05 Мбит/с, 2023 жылдың аяғында 35,49 Мбит/с жеткен. Зерттеу 2024 жылдың басында Қазақстанда 18,9 млн адам интернетті пайдаланғанын көрсетті. Оның ішінде 14 млн қазақстандық әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланды, бұл 2023 жылдың басымен салыстырғанда 3,7 млн адамға артық.

Жақында Премьер-министр Олжас Бектенов биылғы жылдың алғашқы 5 айында азаматтардан интернет сапасына қатысты 11 мыңға жуық шағым түскенін атап өтті. Оның айтуынша, қазақстандықтардың көпшілігінің байланыс сапасына, тарифтердің жылдамдығы мен бағасына көңілі толмайды. Бұған Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш саласының министрі Жаслан Мәдиев ведомство интернетті жақсарту бойын-

Үкімет басшысы операторлардың тарифтерінің мерзімді өсуі ерекше назар аударуға тұрарлық екеніне тоқталды. Өздеріңіз білетіндей, бәсекелестікті дамыту мақсатында байланыс қызметтеріне тарифтерді мемлекеттік реттеу жойылды. Бұл бәсекелестік басты реттеуші болуы керек деген сөз. Бірақ қазір барлық оператордың бағалары шамамен бірдей екенін көріп отырмыз. Сонымен қатар Салық кодексі шеңберінде операторларға радиожилілік спектріне 90% жеңілдік қарастырылған. Бұл ретте операторлар лицензиялық міндеттемелерге сәйкес үнемделген қаражатты байланыс инфрақұрылымын дамытуға инвестициялауға тиіс. Министрлік монополияға қарсы органмен бірлесіп операторлардың өз міндеттемелерін толық орындауын қамтамасыз етуі, баға келісімдеріне және тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеуі қажет», – деді О.Бектенов.

Желінің дамуы және халықтың интернетке қол жетімділігі – елдің цифрлық экономикасы мен бизнес-процестерінің дамуына әсер етуші драйвер. Экономика салаларының ішінде, әсіресе e-commerce, онлайн-банкинг және логистикалық компаниялар сияқты сегменттердің тиімділігі интернеттің тұрақты жұмысына тікелей байланысты.

Соңғы кездері аймақтарға инвестиция тарту және өңірлердің экономикалық өміріне ерекше реңк беру жайында жиі сөз болады. Аймақтардағы мобильді интернет сапасының өсуі экономиканың әлеуметтік маңызды секторларында жоғары технологиялық экожүйелердің қалыптасуына негіз болады. Демек, мұндай үрдіс салаға жоғары көлемде инвестиция тартуға алғышарт екені даусыз.

Дүниежүзілік банктің есебінен сөзімізге дәлел келтірер болсақ, желілермен қамту ауқымы мен интернет жылдамдығы елдің ЖІӨ көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етеді: интернет жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, бизнес өнімділігі соғұрлым тиімді болады.

Инвестиция демекші, қажетті инфрақұрылымды құру – бұл өте көп инвестицияны қажет ететін жоба. Дегенмен соңғы жылдары байланыс секторына инвестициялар айтарлықтай өсті. Мәселен, егер 2016-2017 жылдары инвестициялар сомасы 63,1 және 65,9 млрд теңгені құраса, 2020-2021 жылдары ол еселеп өсіп, тиісінше рекордтық 140,9 және 128,6 млрд теңгеге жетті. Жалпы, соңғы бесжылдықта сектордағы инвестициялар сомасы 530,7 млрд теңгені құрады. Жалпы, 2027 жылдың соңына дейін ұялы байланыс операторлары телекоммуникация саласына 450 млрд теңгенде астам инвестиция салатын болады.

Биылдан бастап елімізде «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы іске қосылды. Жобаның негізгі мақсаты – халықты жылдамдығы кемінде 100 Мбит/с кең жолақты интернетпен қамту. Жоба аясында айтарлықтай қаражат сымды және сымсыз байланыс инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады. Ауылдық жерлерде талшықты-оптикалық байланыс желілерінің тармақталған жүйесін салуға баса назар аударылмақ. Мәселен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тегі арқылы 3 мыңнан астам ауылда тиісті байланыс желісін монтаждау жоспарланып отыр.


ЮНЕСКО жүргізген зерттеу деректері бойынша, 2023 жылы Қазақстан халқының 95%-ы интернетті пайдалануға қол жеткізген. Ұйым елімізде интернеттің дамуын тежейтін негізгі себеп халықтың табысының төмен деңгейі екенін алға тартады. Алайда Үкімет бұл мәселені аудан-аймақтардағы желілерді дамыту үшін байланыс операторларына субсидиялар беру арқылы шешуді көздейді. Келесі жылы халықты 100% интернетпен қамтуға қол жеткізміз деген Қазақстан үшін бұл үлкен маңызға ие. Себебі интернет экономиканы, білім беруді, денсаулық сақтау және қоғам өмірінің басқа да салаларын дамыту үшін кең мүмкіндіктер ашады.

Жыл басынан бері елімізде көкжөтел ауруы өршіді. Ауа арқылы таралатын жұқпалы індетті тұсаулау өзiрге мүмкін болмай тұр. Олай дейтін себебіміз, Денсаулық сақтау министрлігі көкжөтелдің асқынғаны туралы хабарлап, мұның «эпидемиологиялық қолайсыз жағдай» екенін айтып дабыл қаққан еді. Таяуда осы бір ауру түрінен Қарағанды облысында бір адам көз жұмды. Байқағанымыздай, бүгінде көкжөтелдің ел аумағы бойынша, соның ішінде Алматы қаласындағы таралу қарқыны жылдам. Мәселен, қаламызда 2024 жылдың алғашқы бес айында 14 жасқа дейінгі екпе алмаған балалар арасында көкжөтелдің 62 расталған жағдайы тіркелген. Соның ішінде ауырған балалардың басым бөлігі, нақтырақ айтсақ, 90,3 пайызы ұйымдастырылмаған болса, ал ұйымдастырылған балалардың үлесі 9,7 пайызды құрайды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

КӨКЖӨТЕЛДІ БАЛАЛАР КӨП ЖҰҚТЫРАДЫ

Көкжөтел – Bordetella pertussis таяқшасынан туындаған, көбіне ауыз қуысында, көмей мен мұрында өмір сүретін жедел респираторлық бактериялық жұқпа. Бұл ауру түрі катаральды белгілермен бірге жүретін спазмодикалық жөтел ұстамалары түрінде көрінеді. Көкжөтелдің қоздырғышы негізінен наукас жөтелгенде, түшкіргенде, онымен қоса ауа тамшылары арқылы таралады. Мамандардың сөзінше, көкжөтелді ересектерден гөрі балалар көп жұқтырады. Жоғарыда балаларға қатысты атап



Елдар ҚАБА (КОЛЛАЖ)

Көп жөтелден КӨКЖӨТЕЛ жаман

көрсетілген статистика – соның бір дәлелі. Ересектер көкжөтелдің жеңіл түрімен ауырғандықтан, олар негізінен инфекцияның ошағы әрі аурудың тасымалдаушысы болып келеді. Дәрігерлер көкжөтелдің зардабы қауіпті асқынуларға алып келетінін айтады. Ауру катаральды, спазмодикалық жөтел және резольюция кезеңдері арқылы өтеді. Инкубациялық кезеңі 14 күнді құрайтын ауру түрінің катаральды кезеңі жедел фарингит белгілеріне ұқсас. Спазмолитикалық жөтел кезеңі үш аптадан бір айға дейін созылуы мүмкін. Кейіннен бұл қайта калпына келтіру фазасына өтеді. Мұнда наукас жөтелген кезде шырышты қақырық бөлініп, жөтелу азаяды.

334 АДАМ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕН ӨТТІ

Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының

орынбасары Әсел Қалықова ауру ошақтарымен байланыста болған 334 адам зертханалық тексеруден өткенін, олардың нәтижесі теріс шыққанын атап өтті. Қазіргі уақытта наукастармен байланыста болған азаматтарға емхана қызметкерлерінің медициналық бақылауы орнатылды.

– Көкжөтел – ұстаманың соңында «реприздермен» және құсумен, қою тұтқыр қақырықты бөлуден, сондай-ақ жөтелдің ерекше шабуылдарымен сипатталатын тыныс алу жолдарының жұқпалы ауруы саналады. Көкжөтелден қорғаудың жалғыз тиімді әдісі – вакцинация. Ұлттық күнтізбеге сәйкес, көкжөтелге қарсы егу 2, 3, 4 және 18 айлық балаларға (көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, «В» гепатитіне, гемофильді инфекцияға және

полиомиелитке қарсы бір мезгілде) біріктірілген вакцинамен жүргізіледі. Бұдан әрі 6 жастағы балалар АбКДС күшейткіш дозасымен егіледі, – дейді Әсел Тоқанқызы.

АТА-АНАЛАРДЫҢ КӨБІ ЕКПЕДЕН БАС ТАРТАДЫ

Көкжөтелді жұқтырған адамда ең біріншіден қарапайым суық тиюдің белгілері пайда болады. Наукастың мұрны ағып, дене қызуы көтеріледі, кейіннен жөтел басталады. Қалыпты жөтел күн өткен сайын күшейіп, нәтижесінде ұстамалы жөтелге айналады. Адам бойын әлсірететін жөтел ұстамалары кезінде мидың қан айналымы бұзылады. Ары қарай мұның соңы психиканың бұзылуы мен түрлі дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін. Әсіресе, көкжөтел – мек-

теп жасына дейінгі балалар үшін аса қауіпті. Ауруды алғашқы белгілері пайда болған кезеңнен бастап көкжөтел жұқпалы дерт болып саналады. Дәл осы уақытта бала бойында интоксикация белгілері байқалады. Мамандар 2 жасқа дейінгі балаларда көкжөтел ауыр өтуі мүмкін екенін айтады. Әсел Тоқанқызы аталған ауру өкпенің қабынуы (пневмония), мидың зақымдануы сынды асқынуларымен қауіпті екенін жеткізді. Қазіргі өзінде аурудың ең көп кездесетін асқынуы да пневмония екені анықталып отыр. Одан өзге наукаста плеврит, бронхит ауруы күшейеді. СЭБ департаменті басшысы орынбасарының сөзінше, екпе алмау себебі көбіне 60 пайызға жуық жағдайда ата-аналардың екпеден бас тартуынан болса, 23,7 пайызы медициналық қарсы көрсетілімге, 16 пайыздан астамы екпе жасына жетпеген адамдар арасында және 4,8 пайызы көкжөтелге қарсы толық вакцина алмауымен байланысты.

– Аурудың белгілері пайда болған уақытта оқырмандарға уақытылы медициналық көмекке жүгіну, өзін-өзі емдемей, тек дәрігердің нұсқауы бойынша ем қабылдау, бөлмені жиі желдетіп, дымқыл тазалық жұмысын жүргізу, қолды жиі жуу, жөтелген кезде ауызды майлық қолданып жабу, сондай-ақ ата-аналарға наукас балаларды ұйымдасқан ұжымдарға және т.б. көпшілік жиналатын орындарға жібермеуді ұсынамыз, – деп сөзін түйіндеді Әсел Қалықова.

Денсаулық сақтау саласындағы мамандар қазіргі уақытта көкжөтелді емдеудің арнайы препараты жоқ екенін айтып отыр. Дегенмен вакцина қоры үшін мемлекеттен қосымша қаражат қарастырылған. Осы ретте шаһардың Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті бала денсаулығы үшін ата-ана тарапынан ортақ жауапкершілік болуға тиіс екенін негізге алды. Ауыруға ем іздегенше, ауыр-маудың амалын іздейік, құрметті оқырман!

Алматы қаласы

Жас дарындар дараланды

Қарағанды қаласына қарасты Пришахтинскіде Балалар күнінде жас жеткіншектерге арналған, Оқушылар сарайы есігін айқара ашқан еді. Ерекше әсемдікпен салынған заманауи ғимаратта жақында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев дарынды оқушылармен және түлектермен бейресми кездесу өткізді. Өңір басшысы олардың сұрақтарына жауап беріп, шынайы тілегін білдірді.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Басқосуға халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалардың медаль ие-

герлері – 58 бала, сондай-ақ олардың педагогтері жиналды.

– Сіздерді қол жеткізген табыстарыңызбен құттықтаймын және барлық жақсылықты тілеймін! Біздің болашағымыз сіздердің қолдарыңызда! Жана буын

дамып келеді және біз ол үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз. «Жайлы мектептер» саламыз. Оқушылар сарайларын ашамыз. Сіздерді алда жарқын болашақ күтіп тұрғанына, табысқа жететіндеріңізге сенімдімін! – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Балалар аймақ басшысының мектепте қалай оқығанын, бос уақытын қалай өткізетінін, хобби бар-жоғын сұрап, қызығушылық танытты.

Ермағанбет Бөлекпаев уақытының басым бөлігі жұмысқа кететінін мойындады. Бірақ соған қарамастан ол отбасына көңіл бөлуге тырысатынын, кітап оқытынын айтты. Уинстон Черчилльдің «Екінші дүниежүзілік соғыс» шығармасын сүйіп оқытынын айтты.

Облыс әкімі ұстаздарын еске алып, бүкіл өмірін мектепте бала-

ларды оқытуға арнаған анасы туралы әңгімеледі.

– Мен мұғалімдерге үлкен құрметпен қараймын. Олардың жұмысын жақсы білемін. Менің анам 35 жылдан астам өмірін мектепке арнаған, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Қатысушылар болашақ жоспарларымен бөлісті.

Мәселен, Қарқаралы ауданы Бесоба ауылының 11-сынып оқушысы Айдана Төлеген география пәнінен үздік нәтижелерге қол жеткізді: республикалық Олимпиаданың алтын медалін жеңіп алды. Оның айтуынша, бұл пәнге деген сүйіспеншілік география пәнінің мұғалімі болып қызмет ететін әкесінен дарыған болар.

Айдана «менеджмент және басқару» мамандығы бойынша оқуға түсуді жоспарлап отыр.

№30 ЖББОМ түлегі, қарағандылық Ульяна Радионова орыс тілі мен әдебиеті бойынша республикалық Олимпиаданың күміс жүлдегері атанды. Болашақта ол өз өмірін филологиямен байланыстырмақшы.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сертификаттар табысталды. Бірінші орын үшін – 200 мың теңге, екінші орын үшін – 150 мың теңге, үшінші орын үшін – 100 мың теңге. Педагогтерге алғысхаттар табыс етілді.

Қарағанды облысы



**ӘДЕБИЕТ БӨЛІМІН
КЕЗДЕЙСОҚ АДАМДАР
БАСҚАРАДЫ**

— Айзат, бүгінгі театр өнерінің проблемалары туралы сөз қозғайықшы. Қазір драматургтердің пьесаларын әр театр өздері қабылдап алып жатыр. Сахнаға шыққан сол спектакльдердің арасында жақсыдан гөрі шикісі де, шала піскені де көп. Қойылымды қабылдау алдында сыншыларды шақыра ма?

— Қойылымды қабылдау алдында сыншыларды шақырған болса, сіз айттып отырған шала дүниелер азаяр еді. Оның үстіне, «сдачаны» премьерға бір күн қалғанда ғана қояды. Ертеңінде премьерасы болатын қойылымға не айтасыз, айтқан күнде де бір түннің ішінде не істей қойсын? Қойылымның сапасына алаңдайтын есті адам афишасын жасауға, жариялауға асықпайды. Ең алдымен, бейтарап сыншылардың сараптауына түсіріп, талқылаудан өткізіп, кемшін тұстары жөнделіп, содан кейін барып ол жарап жатса жарнамайды. Кейбірі, тіпті «сдачасын» жасмай, премьераларын беріп жатқанын да естіп, біліп жатырмыз. Сосын біз де көркемдігі төмен сол спектакльдер «сахнаға қалай шығып кеткен?» деп дел-сал күй кешіп жүреміз.

— Бұл ретте театрлардың ішіндегі Көркемдік кеңес қайда қарап отыр?

— Көркемдік кеңес бар деген жай сылтау ма деп ойлаймын. Кеңес театр директорының бұйрығымен бекітіледі. Егер оның мүшелерінің не өзі, не сөзі ұнамаса директор ол Кеңесті таратып, жаңадан басқа құрам құра салады, ол сөз болып па? Сондықтан құқығы ешқандай қорғалмаған, барлық жағынан директорға бағынышты Көркемдік кеңестің мүшелері жана қойылымның кемшілігін көрсетіп, өз басшыларына, әріптестеріне қарсы шығып, шынайы пікір айтады дегенге сену қиын. Айтса да тыңдамайды.

— Қойылым сапасына әдебиет бөлімін басқаратын қызметкердің қатысы бар емес пе?

— Әрине, қатысы болуы керек. Әдебиет бөлімінің меңгерушісі — көркемдік жетекшіден кейінгі үлкен тұлға. Ол — барлығының, әсіресе режиссердің оң қолы. Үстел басындағы талқылауда негізгі рөл атқаруға тиіс. Өкінішке қа-

Театрды «тірі өнер» деп бағалайтынымыз рас. Кейде осы тірі өнердің өнімі — спектакльді саралап, талдап, оған қатысты түрлі пайымдар айтып талқыға салмайтынымыз да бар. Театр сыншысы — сахна өнерінің жанашыры. Осы маманның театр әлеміндегі толық құпияларды қабылдауда көрермен көзін ашып, оған өзінше бір көзқарас қалыптастырудағы рөлі зор. Кез келген театр ұжымы көрерменге ұсынылатын қойылымдарды сыншы елегінен өткізіп барып қойса, мәреге жеткені. Көрермен түсіне бермейтін театрдағы кей маңызды мәселелер тақырыбында Айзат Қадыралиевамен сұхбаттасқан едік. Әңгіме барысында театр сыншысы қазіргі қазақ театрларының ішіндегі алаңдарлық мәселе жайында сөз қозғап, сыни пікірін білдірді.



Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА,
театр сыншысы:

Өнер үшін Тек жалаң

отырғызу керек деп ойлаймын. Тағы да айтамын, репертуар қалыптастыруда, драматургтермен байланысты орнықтыруда әдебиет бөлімінің рөлі зор. Бір уақытта М.Әуезовтің, Ә.Әбішевтің, С.Жүнісовтің, А.Сүлейменовтің, И.Оразбаевтың театрда әдебиет бөлімін басқарғанын ұмытпайық. Ал дос, жолдас, туысқан, жерлестік өнерге жүрмейді.

— Қазір орта, жас драматургтердің шығармалары қойылып жатыр. Олар өздерінің драмасының сапасына мән бере ме?

— Мен білетін қазіргі авторлардың ештеңемен ісі жоқ секілді. Бар арманы — режиссердің көңілін тауып, өз дү-

тастайды. Ал қазіргі драматургтер жазған пьесасын сахнадан бір-ақ көреді. Қайсы-біреулері өз шығармаларын танымай да қалып жатқан шығар, кім білсін?! Бірақ үндемейді. Ең бастысы, сахнаға шықса, афишада аты-жөні тұрса болды. Соған мәз. Бұл нені білдіреді? Режиссер мен драматург арасындағы байланыстың жоқтығын, бірлікте емес екенін білдіреді.

ЖАН ҚИНАЛМАҒАН ЖЕРДЕ ТӘУІР РӨЛ ШЫҚПАЙДЫ

— Театрдың негізі драма десек те, бүкіл ауыр жүгін көтеретін актерлер тобы бар. Олардың беталысы қандай?

— Облыстық театрлардың хал-жайы бөлек әңгіме. Өйткені олардың жалпы ахуалы мәз емес, актерлік ойнау мәнерінің кәсібилік деңгейі төмен екенін ашып айту керек. Жалпы, Алматы, Астана, қай театрды алсақ та, өнер жүгін өрге сүйреген С.Майқанова, Ш.Айманов, Х.Бөкеева, Ы.Ноғайбаев, Н.Жантөрин, Ә.Молдабеков, Ф.Шәріповалардан мұралыққа қалған актерлік дәстүрді абыроймен дамытып жүр деп айта алмаймын. Талантын ұштай алмай сахнада сүрініп-қабынып жүргендері жетерлік. Жер бауырлап жатқан бейне көп. Актерлік жетістіктерінің тапшы болу себептерінің бірі — оқымайды, оқығысы келмейді. Өзі ойнап жүрген рөлінің әңгімесін оқымау, тек режиссердің жазып-сызып берген сахналық нұсқасымен қалу деген не деген сұмдық. Тұтас әңгімені, повесті, пьесаны оқымаған актерлерден қандай шоктығы биік, бедерлі бейнені күтесіз, айтыңызшы? Ізденгілері де, жанын қинағылары да келмейді. Жан қиналмаған жерде тәуір рөлдің шықпайтыны анық.

Тағы бір себебі, кеше ғана келген жас сахнагерлерді біртіндеп кірістірудің орнына аяқ астынан қолақпандай рөлмен жарылқай салушылық көбейіп барады. Ал киналыссыз, еңбексіз тез жеткен рөлдің қадірі болмайды. Сол көркем бейнелерді бір кездері Қалибек, Қапан, Шолпан, Фаридалар сомдады ғой деген ой үш ұйықтаса түстеріне кіріп шықпайды. Әшірбек Сығайша айтар болсақ, аяқтарымен таптап-таптап, былғап-былғап тастап жатыр.

— Актерлерде сөздің мағынасын түсініп, астарына үңілу жағы да кемшін соғып жататын сияқты.

— Сахна өнерінің ең басты құралы — «сөз» екенін жиі естен шығарады. Қазіргі актерлердің ойынына қарным ашатыны, жаттап алған сөзді сылдыратып айтып қана шығады. Сөз керек болса, пьесаны өзім оқып аламын. Маған керегі — сөз бен әрекеттің табысканы. Тыныс белгілердің, екпіннің, кідірістердің орнымен пайдаланғаны. Көбісі сөзді тек сырттай әшекейлеп, кейіпкерлерінің жанын тайыздатып жүр. Дауыс байлығы аз. Ашық үн жоқ. Тілі таза емес, Сөздері түсініксіз. Кейіпкердің тілдік мінездемесімен дұрыс беру былай тұрсын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың қалай айтылатынын біле бермейді. Олардың сахнада қалай болса солай сөйлеп жүргендеріне қарап, оқып жүргенде сахна тілі сабағы, тіл дамыту жұмыстары мүлдем жүргізілмеген бе деген еріксіз ойда қаласын.

— Дарынсыз актерлерді театр неге ұстап отыр? Қанша жерден жақсы шығарма, керемет шешім табылса да, ойын нашар болса, бәрі жоққа шықпай ма?



Көркемдік кеңес бар деген жай сылтау ма деп ойлаймын. Кеңес театр директорының бұйрығымен бекітіледі. Егер оның мүшелерінің не өзі, не сөзі ұнамаса директор ол Кеңесті таратып, жаңадан басқа құрам құра салады, ол сөз болып па?



рай, әдебиет бөлімін кездейсоқ адамдар басқарады. Кейбір театрда дұрыстап сөйлем құра алмайтын адамдардың әдебиет бөлімін басқарып отырғанына ашуың келеді. Олар сол орынға өздері сұранып келді дейсіз бе, біреулер қойды ғой. Меніңше, директорлар сауатты адамнан гөрі, қолбаласы болып алдында құлдырандап жүгіріп жүргендерін қалайды. Қолбалалықтан аса алмаған әдебиет бөлімінің меңгерушісі келген пьесалардың барлығын оқи ма, қай жанр болмасын соның техникасын түсіндіріп бере ме, драматургтің құқын қорғай ала ма, сөзі өте ме? Әй, қайдам! Жалпы, бұл жауапты орынға бірнеше сынақтан сүрінбей өткен адамды ғана

ниесін сахнаға шығару. Одан қалса, көзге сәл түссе болды, «бір романды аяқтадым, екі әңгіме жаздым, үш пьесам сахнаға шықты» деп айғайлап айтып жатады. Ал оның ол пьесасы сахнаға қалай шығады, қандай деңгейде болады, онымен шаруасы жоқ. Мысалы, кешегі М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Т.Ахтанов, О.Бөкейлер өзінің драмаларын сахнаға қойғанда театрға барып, репетицияға қатысып, бағыт-бағдар беріп отырған екен. Шығармасы сахнаға шыққанша тап сол театрдың ресми қызметкері құсап актерлердің арасында жүретіндерін талай естідік. Өлі күнге дейін Дулат (Исабеков) ағамыз орынды-орынсыз қысқартуларға, өз жандарынан сөз қосатындарға айтып-айтып

— Дұрыс айтасыз. Не десек те, санда бар, сапада жоғы жақсылықтың нышаны емес. Актерлерді азайту тиімсіз болса да, театр труппасын санына қарап емес, сапасына қарай жасақтау бүгінгі күннің талабына айналу керек. Мен сізге айтайын, сапаның төмендігі ол санадағы саяздықтың салдары, рухани мешеуліктің бір көрінісі деп ашы да болса шындықты айтқан жөн болар.

**КӨРКЕМДІК ЖЕТЕКШІНІҢ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БАСЫМ**

— Бұрын «қалғым, қазақ театры» дейтін едік. Қазір ондай емес секілді. Премьералар жиі болып жатыр. Десек те, бірі көңілден шықса, бірі сын көтермей жатады. Қаржысы бар, қаламақысы жеткілікті кезеңде дұрыс қойылым қоя алмаудың кемшілігі неде? Бұған кім жауапты?

— Әрине, қойылымның көркемдік деңгейіне жауапты — режиссер. Бірақ бар кінәні солардың мойнына іліп қойғанмыз жөн бе? Сол режиссерлерді арнайы шақыртып, қойылым қойдыртып отырған театр басшысы, әсіресе көркемдік жетекшісі неге жауапты болмау керек. «Егер бір ерсіліктер, орасан қателіктер кетіп қалса, оған кім жауап береді?» деген

жатыр ғой. Көп қойылымдардың ғұмыры қысқа. Осы біркүндік спектакльдерге қарап іштің аштыны, мемлекеттің ақшасы босқа кетсе, директор оған да ешқандай жауап бермейді. «Бұл қалай болды, былтыр қойылған спектакль биыл неге жоқ?» деп одан ешкім ештеңе сұрамайды. Мұның өнерге қаншалықты зиянды екенін ешкім түсініп жүрген жоқ.

— Атүсті жасалған жұмыстың жемісі де нәрсіз келері түсінікті ғой.

— Әрине, асығыс-үсігіс қойылған спектакльдің жүйесі жалған-жасандылыққа, актерлік ойындардың сенімсіз, сөлсіз шығуына әкеліп соғып жатыр. Әсіресе, ол фестивальдерде ап-анық көрініп тұрады. Шындықты айтсаң, ренжиді. Өздерінен сұрасаң, асығыс қойылды дейді. Ал асықпай қоюына, салмақты образдардың шығуына кім кедергі болды? Түсінбейсің, бәрі бір-бірінен көреді. Әйтеуір, кейіпкерлердің сөзін жөнді білместен, жарытып репетиция жасамастан не жақсы, не жаман деуге келмейтін спектакльдер көрерменнің алдына шығып жатыр.

— Қазіргі жас режиссерлер бір театрдан бір театрға барып спектакль қойып



— Дерттің ең үлкені де осында жатыр. Театрбасшыларына — театр репертуарына жаңа спектакльді қабылдау үшін қатаң талап, ашық бәсекелестік жолымен жүзеге асырылуы қажет деп айтқым келеді. «Драматургияға, спектакльге қойылатын талаптарға жауап бере ме?» деген мәселелер төңірегінде бейтарап мамандар тарапынан сараптау жүргізіп, жетістігі аталып, кемшілігі сыналып, талданып, талқыланып отыру керек. Ашық пікір алысудан, ой қосудан қорқатын басшылардың, сын естуден қашатын режиссер, актерлердің ұлт руханиятына алаңдайды дегенге күмәнім бар. Өнер үшін дейтіні — тек жалаң ұран.

— Бүгінгі театрда еркіндік бар ма? Жалпы, театрдағы еркіндік туралы ұғымды қалай қабылдайсың?

сөзді жете түсіне бермейтін сияқтымыз. Әрқайсысы бір-бір жауапты орынға отырып алғандар, соған лайықты іс тындырып жатқандары шамалы. Ал жауапкершілік ұғымының астарында болашақ алдында арыңмен де, барыңмен де жауап берушілік деген ой жатыр. Бұл ұғым белгілі бір уақытқа қарақан бастың қамы үшін уақытша қалт-құлт етіп қызмет ету емес, керісінше қай уақытта да және қандай қиын жағдайда да ақиқаттың жолын қорғау мен қолдаудан таймау — азаматтықтан тайынбау деген сөз. «Болашақ тезінен құтылу ешкімнің де маңдайына жазылмаған» деп бекер айтпаған. «Бармақ басты, көз қыстылардың» сазайын уақыт өзі-ақ тартырады. Қысқасы, жауапкершілік жүгін адал арқалау дегеніміздің өзі айналып келгенде абыройыңды сақтайтын ауыр жүк — шындықтың жүгін бар адамшылық болмысыңмен көтерісу, әдебиет, театр, кино өнерінің мұраттарын жеке бастың мүддесінен жоғары қоя білу, талап-міндеттеріне сай әрекет ету, ешкімге кесірінді тигізбеу керектігін ескеру керек. Яғни, шындықтың жеңбей қоймайтынын естен шығармаса екен деген тілек бар.

— Жекелеген тұлғалар туралы пьеса жазылып, театр сахнасында қойылып жатыр. Белгілі тұлғалар туралы спектакльдерді жиі тамашалайсың ба?

— Әрине. Барлық жанрдағы премьераларды көріп қалуға тырысасын ғой. Кеңес заманында жазықсыз «халық жауы» атанған тұлғаларымызды сахнаға, экранға шығарып жатқандарына қуанасың. Бірақ батыр бабаларымыздың, тарихи тұлғаларымыздың бейнесін кемелдендіру тіпті қиын ғой. Сондықтан болар, олардың түсінігі, мінезі, көзқарасы, қимыл-қозғалысы, бітім-болмысы өз деңгейінде көрініс таппай жатқандығы. Бұл сайып келгенде тағы да режиссердің дүниетанымына, актердің зерттеп-зерделеуіне байланысты.

— Жалпы, эксперименттерге қалай қарайсың? Біз (қазақ көрермені) оны қабылдай аламыз ба?

— Жалпы, эксперименттерге көзқарасым жаман емес. Жанашылдықты жақсы көремін. Тек «эксперимент — осы» деп ұлттық дүниелерге де тұра шауып, ту-талақайын шығарып жатқандары қатты алаңдатады. Көрген сайын жанымыз ашып отырады. Өз ұлтының тілін, салтын, ғұрпын танып, әдебиетін, философиясын, эмоциясын, әуенін жетік білмесе, ол шығармаларға жоламағаны абзал.

— Әңгімеңе рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

дейтіні — ұран

сұрақтың туатыны занды ғой. Осы тұста айта кететін бір жайт бар: әр театрдың көркемдік жетекшісі актерлерінің таным қабілетінің қандай деңгейде екенін жақсы білуге және соған қарай әрекет етуге тиіс. Егер таланты мұзжарғыш әрі еңбекқор актерлері болса, әрине келген режиссер, маған десе, бес күнде қойсын да кете берсін. Бірақ барлық актерлерді шетінен ізденімпаз деп айта алмайсың ғой. Мысалы, қолға алған шығармасын режиссер сызып-түртіп тап-тұйнақтай дайындалып келсе мейлі дейсің, ал кейбіреулері келгеннен кейін барып қай жанрда қоятынын ойлана бастайды. Ол музыка тандап, шешім іздеп жүргенінде, жиырма күннің он күні өтіп кетеді. Қалған он күнде олардың ой-өрісін өсіріп, рухани ірі тұлға айналдырып үлгері ме? Сондықтан қазақ режиссерлеріне актерлердің шығармашылық мүмкіндіктеріне қарай жұмыс істеуге едәуір уақыт беру керек деп ойлаймын. Кісі зердесінде сіңіп қалған кейіпкерлерді шығаруға, шығарманың ой-мазмұнын ашуға уақыт бөлмей, қашанғы көруші зерікпесін деп қызылды-жасыл нәрселермен алдарқата бермек. Сахна иелерінің ішкі-сыртқы мүмкіндігі түгел ашылмаған жерде, спектакльдің көркемдік жағынан байи түседі дегенге өз басым сенбеймін. Сол себепті гонопарына бірнеше миллион береді екенсін, енді сол спектакльдің сәтті шығуына да атсалыс дегім келеді. «Жоқ, маған бәрібір. Ары кетсе екі-үш рет ойнатып түсіріп тастаймын, ең бастысы жылдық жоспарым орындалса, болды» десе, тағы да өздері білер. Онсыз да солай болып



жатады, ол бірсарындылыққа ұрындырмай ма?

— Жанды жеріме тидініз. Иә, қазіргі режиссерлер премьерасы ойналған күннің ертесінде жолға шығып, басқа шығармаға кірісіп жатады. Адам деген терін сүргіп, ентігін басып, келесі дүниеге асықпай-аптықпай кірісу үшін араға үзіліс керек шығар деп ойлаймын. Құдай-ау, қанша жерден мықты болса да, күш азаймай ма, ой сарқылмай ма, ешкім робот емес қой. Әл-қуаты қалыпқа келуіне, ой жинақтауына, жаңа идеялардың тууына әрі-беріден соң келесі алатын шығарманы қайта ой елегінен өткізуге уақыт керек емес пе? Үзіліс деген сол. Анда-мұнда жүгірістің кесірінен бір-біріне ұқсайтын қойылымдар қаптап кетті. Түптің түбінде бұл жан қинамай ақша табудың арзан жолына апарып ұрындыра ма деп қорқамын. Заман талабы осы деп ақылды ақшаның алдында тізе бүктірдік.

**СЫН ҚАБЫЛДАУ
МӘДЕНИЕТІМІЗ ӘЛІ ДЕ КЕНЖЕ**

— Әңгіменді тыңдап отырсақ, жаңа қойылымдарды қабылдаудың талабын барынша күшейтпейінше бәрі бекер дегім келетін секілді.

Суға батқан адамдарды құтқарған атыраулық қос полицей мамыр айында II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған еді. Олар полиция аға лейтенанты Роман Серікұлы мен Жандос Шапхатұлы. Айбарлы орден оларға қыста жасаған ерліктері үшін берілген болатын.

Баян ЖАНҰЗАҚ

Полицейлер Атырау облысы Құрманғазы ауданы полиция бөлімінде қызмет етеді. Оқыс оқиға 2023 жылғы 25 желтоқсан күні сағат 19:20 шамасында Құрманғазы ауданының Шарон өзенінде болған еді.

Қыстың ызғары енді сезіле бастаған мезгіл. Орта жастағы әйел мұз үстімен өтуді жөн көреді. Алайда су қателікті кешірмеді...

Дәл сол уақытта аудандық полиция бөлімінің саптық жиынынан тарап келе жатқан полиция қызметкерлері тез арада оқиға орнына жетуге бағыттама алады.

Хабарламаны естіген Тәрбие және кадр бөлімшесінің инспекторы Роман Серікұлы да уақыт өткізбей жеке автокөлігімен оқиға орнына жеткен. Оқиға орнына бірінші жеткен ол автокөліктен арқан жіп алып, мұз үстіне шығады. Шығар сәтте көмекке келген ер адамның да мұз ойығына түсіп кеткенін көрген. Сол кезде патрульдік полиция бөлімінің қызметкерлері мен Жандос Ибатуллаев көмекке келіп, суға кеткен әйел адам мен оны құтқаруға оқталып, өзі де ойылған мұз құрсауында қалған ер адамды аман алып қалған.

Жұқа мұз үстіне бір уақытта 10-ға жуық адам шыққан сәтте мұз ойығы одан әрі үлкейген. Бірақ бар күш-жігері мен мол тәжірибесін салған полиция қызметкер-



ПРЕЗИДЕНТТЕН «АЙБЫН» АЛҒАН АУЫЛ ПОЛИЦЕЙІ

лері адам өміріне араша болар сәтте аязды күн мен мұз құрсауындағы суға қарамас-тан, 27 жастағы ер адам мен 64 жастағы әйел адамды жағаға аман-есен шығарды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін Бауыржан Момышұлы атындағы II

дәрежелі «Айбын» орденімен Атырау облысының Құрманғазы ауданы полиция бөлімінің инспекторы Насихан Роман Серікұлы мен Жандос Ибатуллаев наградталды.

Біз полиция аға лейтенанты Роман Серікұлымен хабарласып, қызықты деректерді анықтадық. Құрманғазы ауданы

нында еңбек етіп жүрген Р.Серікұлы полицейлер династиясының өкілі болып шықты. Оның әкесі Серік Мадиров саналы ғұмырын полиция саласына арнаған адам болып шықты. «Әкем ұзақ жыл Құрманғазы ауданында полиция саласында еңбек етіп, зейнетке шыққан адам. Әкемнің екі ағасы да осы Ішкі істер органында жұмыс істеген. Үйде үш ұлмыз. Мен ортаншысымын. Бауырларымның арасында полиция саласын таңдаған жалғыз мен болдым», – дейді Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, Құрманғазы ауданы полиция бөлімінің инспекторы Роман Серікұлы.

Тағы бір қызығы, Романның жұбайы Ақжан Мендіғалиева да полиция саласында жұмыс істейді. «Бір қызым бар. Болашақта қызым полиция саласын таңдап жатса, қарсы болмаймын», – дейді Роман.

Роман 2023 жылдың қысында болған оқиғаның өмірінде үлкен із қалдырғанын айтады. «Бастысы, адамдарды құтқарып қалдық. Аман-есен дәрігердің қолына тапсырдық. Полиция – халыққа қызмет ететін адам. Біз ант бердік. Мұндай жағдай тағы да қайталанатын болса, ойланып жатпастан, адамдардың өмірін құтқарар едім», – дейді ол.

Ауыл полицейі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан награда алған сәті – өміріндегі ерекше ұмытылмайтын жарқын сәттердің бірі болғанын айтты. «Мен үшін мұндай дәрежедегі орденді алу – өмірімдегі ең үлкен награда болды, қобалжыдым. Бұл тарихи сәтті ұрпағым да айтып отырамын боламын», – деді Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, Құрманғазы ауданы полиция бөлімінің инспекторы Роман Серікұлы.

Атырау облысы

ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІПТІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қоғам қауіпсіздігін сақтау – әрбір азамат үшін үлкен жауапкершілікті талап ететін басты міндет. Ел арасында осы міндетті мүлтіксіз орындап, халықтың алғысына бөленіп жүрген нағыз ержүрек жандар аз емес. Соның бірі – қоғам тыныштығын сақтауда аянбай еңбек етіп жүрген сырбойылық Пірімбетовтер әулеті.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Өңір жұртына полицейлер династиясы ретінде жақсы таныс бұл отбасы мүшелері темірдей тәртіпті сақтай отырып, өз елінің патриоты болуды өмірлік ұстанымына айналдырған. Сол арқылы қызығы мен шыжығы мол салада тынымсыз еңбек етіп, жемісін көріп жүр.

Құқық қорғау саласының майталман маманына айналған отбасының әрбір мүшесі отанға қызмет істеу дәстүрін үздіксіз жалғастырып келеді. Осы арқылы өскелең ұрпақты тәлімді тәрбиеге баулып отыр.

«Біздің әулеттің мақсаты – қылмыстық істерді тергеу мен ашу, қылмыскерлерді құрықтау ғана емес, сонымен бірге ұрпақ бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық рухты сіңіру. Негізінен, құқық саласын таңдауымыз да бекер емес. Отбасымыздағы атадан балаға мирас болған темірдей тәртіп пен тәлімді тәрбиенің негізінде қайсарлыққа, шыншылдыққа баулып өстік. Соның негізінде әулеттің абыройын кірлетпей, өзгеге

камқор болуды өмірлік ұстанымымызға айналдыра алдық», – деп ойын жеткізді әулеттің абыройын аркалап жүрген тәртіп сақшысы Қуандық Түгелбай.

Қазір ол Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты қызметін абыроймен атқарып жүр. Өзі ісінің майталман маманы бұған дейін мінсіз қызметі үшін «Парасатты полицей» байқауына қатысып, мерейлі марапатқа ие болған.

Әкесі де саналы өмірінде құқық қорғау саласында қажырлы еңбек еткен жан. Қуандық бала кезінен бастап әкесі Аралбекті полиция қызметкері формасында көріп өскендіктен болар, үлкен қызығушылық танытып өскенін айтады. Әрдайым әкесінің қызметін үлгі тұтып, елдің қорғаны болуды алдына мақсат етіп қойыпты.

«Мен әрқашан әкемді мақтан тұтамын. Оның мойнына жүктеген жауапкершілік жүгі қаншалықты қиын екенін жастайымнан сезініп өстім. Өзім де құқық қорғау саласында қызмет етсем деп армандайтынмын. Негізінен, полиция – бұл өте қиын және күрделі мамандық. Өйткені осы

саланы таңдаған адам әрдайым ел тыныштығын күзетіп, көп жағдайда өз басын қатерге тігіп тұрады. Бала кезімнен әкем әрдайым жұмыста болатын. Тіпті, көп жағдайда оны отбасылық дастарқан басынан да жиі көре бермейтінбіз. Содан бұл саланың қаншалықты жауапкершілік жүктейтінін іштей сезініп жүр-тінмін», – деп ойымен бөлісті Қуандық.

Негізінен, әкесі Аралбек Пірімбетов құқық қорғау саласында қажырлы еңбек етіп, полковник шенін алған. Алғашында қызмет жолын учаскелік полиция инспекторынан бастап, кадр бөлімінде аға инспектор, кадр саясаты жөніндегі орынбасар, Қазалы ауданының полиция бөлімі бастығының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарған. Ал 2014 жылдан бастап бүгінге дейін учаскелік инспектор болып қызмет істейді. Өз қызметінде Аралбек Түгелбайұлы «Мінсіз қызметі үшін» медальдары, «Жылдың үздік сақшысы» номинациясы және де бірқатар республикалық, облыстық марапаттарды иемденген.

«Отбасымызбен татулықты сақтап, өзгеге камқор болуды басты мақсатымыз санаймыз. Қиын да қауіпті жұмыс біздің отбасымыздағы қарым-қатынасымызға теріс әсер етпейді. Керісінше, полиция бізді жақындастырады. Отбасымызбен талқылау



үшін ортақ тақырыптар әрқашан бар», – деп әкесі ағынан жарылды.

Қуандықтың анасы Гүлмира Пірімбетова Қазалы ауданындағы мектеп-лицейінде кітапханашы болып жұмыс істейді. Құқық қорғау саласында қызмет жасамаса да, әрдайым балаларын шыншылдыққа, ашықтыққа тәрбиелеп, өз елінің нағыз патриоты болуға жол сілтей білді. Ал үлкен әпкесі Аби-мада Пірімбетова әке жолын қуып, інісіне үлгі болды десек болады. Бүгінде Қызылорда стансасы Жергілікті полиция бөлімі тергеу бөлімшесінің тергеушісі, полиция капитаны қызметін адал атқаруда.

«Мен өз отбасымды үлгі тұтамын. Әкем мен анам бізге жақсы

тәрбие берумен қатар, қызметте халықтың қауіпсіздігі үшін адал болуға үйретті. Осы саланы таңдағаным өкінемін. Елге аз да болса пайдам тисе маған одан асқан бақыт жоқ. Көптің алғысын алып, елге камқор болуды басты борышым санаймын», – дейді әпкесі.

Қызылордалық Пірімбетовтер әулеті үшін Қазақстан полициясы күні отбасылық мерекеге айналған. Әр жылда әулет болып, дастарқан басына жиналып, осы күнді кең көлемде атап өтуді жанұялық дәстүрге айналдырған.

Біз де кезегінде полиция отбасын мерейлі мерекесімен құттықтап, игі тілегімізді арнадық.

Қызылорда облысы



Саятхан САТЫЛҒАН

Бүгінде бесіктен белі шықпай жатып бүлінетін жастар аз емес. Әсіресе, кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстар жаға ұстатып тұр. Оның бірінде әлі бүршік жармаған балғынды төсек қатынасына өзінің туысы тартса, енді екінші жағдайда жас баланы жыныстық қатынасқа көршісі азғырған. Әрбір екі жағдайдың бірінде бүлдіршіннің болашағы бұзылып жатқанын аңғару қиын емес. Тек некен-саяқ жағдайда жасөспірім азғындықтан аман қалып жатады.

ЗОРЛАУ МЕН АЗҒЫРУ ӨРШІП ТҮР

Тараз қаласы ПБ ЖПКБ Ювналды полиция бөлімшесі берген ақпаратқа сүйенсек, биылғы жылдың бес айында кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстар 28,6 пайызға, ал 16 жасқа толмаған тұлғамен жыныстық қатынасқа түсу 66,7 пайызға төмендеген екен. Алайда зорлау, жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер және жас баланы азғыру 100 пайызға өсіп кеткен.

— Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу өте қиын. Өйткені әрбір екінші қылмысты үй жайға жақын адамдар, бірге тұратын өгей әкелері, көршілері немесе жақындары жасап жатады.

Тіркелген деректерді талдау кезінде ең бірінші жұмыссыз халықтың көбеюінен қылмыстардың саны артып жатқанына көз жетті. Одан бөлек, интернет-желілердің қолжетімділігі, ата-аналар тарапынан өз балаларының қауіпсіздігі мәселесіне аз көңіл бөлуі, олардың байланыстары мен бос уақытын бақылаудың жеткіліксіздігі жыныстық сипаттағы қылмыс түрін

Азғынның

өршітуде. Мәселен, бес айда тіркелген жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылықтың бір дерегі өзінің танысымен жасалған. Ал 16 жасқа толмаған жасөспіріммен жыныстық қатынасқа түсудің 3 дерегі өзара келісім бойынша болған. Жас баланы азғырудың 2 дерегі өзінің танысымен орын алса, біреуі нағашы ағасымен жасалған. Бір қылмысқа көршісі барған.

Жыныстық сипаттағы қылмыстардан ен белең алып тұрған 16 жасқа толмағандармен жыныстық қатынасқа түсу Тараз қаласы аумағында тіркеліп отыр. Үш деректе де жасөспіріммен жыныстық қатынасқа түсу өзара келісіммен орын алған, — дейді Тараз қаласы ПБ ЖПКБ Ювналды полиция бөлімшесінің бастығы Айбек Асабаев.

ҚЫЛМЫСҚЕРЛЕР НЕКЕГЕ ТҮРУҒА ТЫРЫСАДЫ

Иә, бұл шын мәнінде төбе шашынды тік тұрғызатын жағдай. Жат емес жақынның осындай қиянат жасап жатса, елге не бетінді айтасын? Ювналды полиция бөлімшесінің бастығы Айбек Асабаевтың сөзіне сүйенсек, көп жағдайда жасөспіріммен жыныстық қатынасқа түсіп қойған тұлғалар отбасы абыройын ойлап, азаматтық некеге тұруға тырысады екен. Ал кейбірі ата-баба дәстүрін алға тартып, жасөспіріммен некеге тұрып, қылмыстық жауапкершіліктен жалтаруға жан салатын көрінеді. Осылайша, олар жыныстық қатынас өз еркімен болды деп бұрмалап алуда.

Негізі, тәртіп сақшылары мен психологтер бала тағдырына ата-ана тікелей жауапты екенін алға тартады. Көп жағдайда жайсыз отбасылардан бұзық балалар мен зорлық-зомбылық көрген жасөспірімдер шығып жататыны да белгілі. Ювналды полиция бөлімшесі жүргізген талдау нәтижесіне көз жүгіртсек, жыныстық сипатындағы зорлық көрген жәбірленушілердің 87,5 пайызы толық емес отбасынан шыққандар екен. Екеуінің ата-анасы бұрын сотты болған. Енді екеуі «қорғау нұсқамасы шығарылған» санаттары бойынша есепте тұрған әкешеше.

Тағы бір айта кетерлігі, азғындыққа жол берді деген күдіктілердің жасы 18 бен 62 жас аралығында. Жыл басынан ұсталған 4 ересек азаматтың орта білімі бар болса, бір күдіктінің өзі — буыны әлі катпаған колледж білімгері. Бір азамат «Шартты түрде соттал-

«АПАНЫ»

ған санаты» бойынша полиция бөлімінде есепте тұр.

ОЙНАП ЖҮРІП, ОТ БАСУ

Қылмыстар бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізу барысында жасөспірімдермен және оларға қарсы қылмыс жасаудың негізгі себебінің бірі үйден кету деректері болған.

— Қала аумағында жыл басынан бері 91 кәмелетке толмаған жасөспірімнің үйден кету хабарламасы тіркелді. Оның 45-і қыздар болса, 46-сы — ұл бала. 91 жастың 63-і — мектеп оқушылары. 24-і колледж білімгері болса, төртеуі — еш жерде оқымайтындар. Міне, осылайша жасөспірімдер үйден қашу арқылы от басып жатады. Сондықтан біз ата-аналармен де жіті түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, балалардың үйден кету себептерін анықтап, алдын алып жатырмыз. Ол үшін кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияда 60 іс-құжатты қарап, арнайы мектепке 8 жасөспірімді орналастырдық. «Түнгі қаладағы балалар» атты жедел алдын алу іс-шарасын да қолға алып, беймезгіл уақытта көше кезген балаларды үйлеріне қайтардық, — дейді Ювналды полиция бөлімшесінің бастығы Айбек Асабаев.

Бұл ретте түнгі мезгілде заңды тұлғалардың қарауынсыз ойын-сауық мекемелерінде жүрген кәмелетке толмағандардың ата-аналарына әкімшілік шаралар қолданып жатқанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ тәртіп сақшылары тарапынан түрлі профилактикалық шаралар да жүргізілуде. Алайда одан тентек балалардың саны азаймай тұр. Мәселен, жыл басынан бері түрлі құқықбұзушылықтары үшін 1171 жасөспірім ішкі істер органдарына жеткізілген. 135 жасөспірім және 64 қолайсыз отбасы есепке алынған. Сондай-ақ 179 жасөспірім Полиция басқармасының профилактикалық есебіне ілінген.

Бірнеше рет құқықбұзушылық жасағаны үшін девиантты мінез-құлқы бар балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы мектепке 6 кәмелетке толмаған орналастырылса, 31 ата-ана немесе қамқоршы «ата-ана» құқығынан айырыл-

ған. Бұдан бөлек, рейдтік шаралар барысында спирттік ішімдік ішкен, бұзақылық жасаған және түнгі уақытта қараусыз қалған 122 жасөспірім «Өмірлік қиын жағдайда қалған балаларды қолдау орталығына» жолданған.

ЖАН ДҮНИЕСІ ЖАРАЛЫ ЖАННАН АЗҒЫН ШЫҒАДЫ

Міне, байқап тұрсаңыздар, қолайлы орта көрмеген бала қылмысқа барып немесе өзі қылмыскердің құрбанына айналып жатады. Осы қараусыз жүрген балалардың қаншасы зорлық-зомбылық көріп жатқанын тап басып айту қиын. Өйткені тәртіп сақшылары мен ата-ана көп жағдайдан беймәлім болып жататын кезі көп. Ал мектеп пен орта оқу орындары жыныстық сипатындағы қылмысты жасыруға тырысып жататындығын көз көріп, құлақ естіп жүр. Ересек не қатарластары тарапынан зорлық көрген кейбір жастар ішіндегісін бөлісетін адам таппай, соны ауыр ше-

өзгеріс. Адам не жақынын, не қарсы тұрған адамның жынысын ажырата алмай қалатын күйге түседі. Мұндай психикалық ауытқу кез келген адамда кез келген уақытта болуы мүмкін. Сондықтан адам егер бойынан сондай өзгерісті байқаса, бірден психологке жүгінуі керек.

Ал мұндай психикалық өзгеріске ұшыраған адамның құрбанына көп жағдайда қараусыз қалған балалар айналып жатады. Егер ата-ана жақынының не туысының әрекетінен өзгеріс байқаса, баласына бақылауды күшейту керек. Себебі психикалық ауытқуға ұшыраған адам өзі білместен зорлық әрекетке баруы ықтимал.

Баланы негізі, 3 жастан бастап ата-ана бөлек жатқыза бастайды. Міне, осы кезден бастап балаға жыныстық мүшені көрсетпеу, бөтен адамдардың қасында киініп жүру деген сияқты нәрсені үйрету керек. Ата-ана баласымен ашық сөйлесуден қорықпауы қажет. Сонда ғана оны қауіптен аман алып қала алады.

Көп жағдайда ата-ана баласына жыныстық зорлық көрсетілгенін жасыруға тырысады. Осылайша, олар баланың болашағын қорғап жатырмыз деп ойлайды. Алайда бұл дұрыс емес. Егер зорлық көрген баланы тез арада тиісті маманға апармаса, оның арты



шімге келіп жатады. Оның ең өзектісі — өз-өзіне қол салу. Биылғы жылдың бес айында суицидтің 8 дерегі тіркелсе, оның 2-і өліммен аяқталған. Өз-өзіне қол салған балалардың 6-ы қыз бала болса, 2-і — ұл. Олардың 3-і — мектеп оқушысы. 4-і — колледж білімгері. 1-і ғана еш жерде оқымайды. Бұлардың да дені толық емес отбасынан шыққан.

Осы орайда жасөспірімдерге азғындық жасау ауру ма, әлде бұның басқаша психологиялық түсінігі бар ма, соны білмекке маман кеңесіне жүгіндік. Сондай-ақ жыныстық зорлық көрген баламен қалай жұмыс істеу керек?

— Психологияда «Инцест» деген термин бар. Бұл — өзінің туыс, жақындарымен жыныстық қатынасқа түсу деген ұғым. «Инцест» бұл ауру емес. Бұл — психикалық

қайғылы оқиғамен аяқталуы мүмкін. Ата-анасына, не өзге жақындарына ішкі дүниесін айта алмаған бала соны өз-өзіне қол салуы мүмкін. Мұндай жағдайларды күнделікті көз де көріп жүр.

Бала кезінде зорлық көрген баланың өзі де ержеткенде азғындыққа баруы мүмкін екенін бүгінгі психология дәлелдеп отыр. Бала кезінде жан дүниесіне түскен жарасын өзгеге қиянат көрсету арқылы жазғысы келетін жағдайлар көп. Сондықтан зәбір көрген баланың жан жаракатын жасырмай, керісінше онымен мамандар жұмыс істеуі керек. Қазір құпия түрде көмек көрсететін психологиялық та, медициналық та орталықтар бар. Міне, осы жерде балаға дер кезінде көмек көрсетілгені абзал, — дейді психолог Мөлдір Сабербекова.

P.S.

Психолог маман осындай кеңес беруде. Бұны дұрыс әлде бұрыс дей алмаймыз. Өйткені баласының жыныстық зорлық көргенін жасыру әлде жасырмау — әр ата-ананың жан дүниесінің еркі. Алайда «ауруын жасырғанды өлім әшкерелейтінін» ұмытпаған жөн. Әзірге, бүгінгі медицина, психология, тәртіп сақшылары, тіпті билік өкілдері психологиялық ауытқуға түскен адамды ерте анықтап, қылмыстың алдын алуға мүмкіндігі болмай жатқан тұста бауыр еті балаңызға өзіңіз сақ болғаныңыз абзал. Ертен бармақ тістемес үшін, бүгін баланызбен ашық сөйлесіп, қоршаған ортасы мен қандай күйді бастан кешіп жүргенін қазірден білгеніңіз жөн. Сонда ғана қауіптің бетін қайтара аласыз.

Халықпен тікелей байланысатын, көпшіліктің көңілін күпті еткен жайларды шешуге өкілетті тұлғаға қойылатын талаптар өлшемі уақыт талаптарына сай жаңа сатыға көтерілді. Мемлекеттік қызметші келбеті қандай болуы керек, оған қажетті адами, кәсіби қасиеттер қандай, мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру – мемлекет үшін, қоғам үшін маңызды мәселе. Міне, сондықтан да елімізде мемлекеттік қызмет халыққа барынша ашық болып, заманауи цифрлық технологияларды қолдану арқылы бюрократияны болдырмайтын, жаңашыл ойлайтын жас мамандарды тартуға баса назар аударылады. Бұл жастардың мақсатты бағытын айқындап, мансаптық өсуіне, мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде мемлекеттік қызмет саласындағы өзгерістер азаматтардың мемлекеттік қызметке орналасуын жеңілдетуге, ашықтықты қамтамасыз етуге, конкурстық үрдістерді қысқартуға бағытталған. Қазір мемлекеттік қызметке қабылдауды жеңілдету үшін жаңа мүмкіндіктер жасалды.

Отандық жоғары оқу орындарын мемлекеттік грантпен жоғары үлгеріммен аяқтаған жастарға конкурстық кіру мүмкіндігі берілді. Бүгінде 172 үздік түлек конкурстық аудандық (121) және ауылдық (51) жерлердегі мемлекеттік қызметке қабылданды.

Тағайындалған жастар – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің түлектері.

Бұл жас мамандардың өңірлерге, алыс ауылдарға барып, жергілікті жерлердегі қызметшілердің сапалық құрамының білімді жас кадрлармен толығуына себепші болып отыр.

Ақтау қаласының тумасы Әйгерім Замзан – 2020 жылы Алматы қаласындағы Nazarbayev University университетін бітіргеннен кейін 2023 жылы Маңғыстау облысының орталығындағы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша магистратурасын мемлекеттік грант негізінде жақсы нәтижемен бітіріп шыққан талантты жас. Бакалавр дәрежесін алғаннан кейін облыстық Білім басқармасында әдіскер болып жұмыс жасады.

– Білім саласындағы басқару жүйесі мен үшін қызықты сала болып көрінді. Болашағымды осы бағытта көрдім де тәуекелге бел будым. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жоғары оқу орнын аяқтаған жастардың мемле-

кеттік қызметке конкурстан тыс орналасуы мен үшін зор мүмкіндік болды. Уәкілетті органның келісімімен Қаракия ауданы бойынша білім бөлімінің педагогтермен жұмыс жөніндегі бас маманы лауазымына конкурстан тыс қабылдандым. Өзіме қолайлы, мансаптық өсу мүмкіндігі бар жұмыс орнына орналасу мен ойлағаннан да оңайырақ болды. Мұндай жүйелі жобалар жастарды биік

паратының жетекші маманы Аружан Тілеужан.

Мойынқұм ауданы әкімі аппаратының бас маманы – Айханым Серікова – дарынды жас, іскер мемлекеттік қызметкер ғана емес, отбасының жылуын жағып, шаңырағының шырайын келтірген жас ана, сүйікті жар. Үйіндегі бесігін тербеткен жас ана білімін жетілдіріп, мемлекеттік қызметте де бағын

мүмкіндік беріп, адами факторларды азайтады. Анонимділікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болдырмау үшін үміткерлерге ID-номерлер беріледі. Осылайша, конкурс рәсімінің ашықтығын тәуелсіз прокторинг жүйесі қамтамасыз етуде және конкурс жеңімпазы барлық кезең қорытындысы бойынша ақпараттық жүйемен дербес айқындалады.

Жана жүйе бойынша конкурсқа қатысушылардың үлес көрсеткіші 4,6 адамды құрап, қолданыстағы іріктеу тәртібімен салыстырғанда қатысушылар саны 2,7 есеге артып отыр.

озық, сана-сезімі терең, нағыз отаншыл азаматтар көптеп келуі керектігін және оларға үлкен жауапкершілік жүктелетінін айтты. Мемлекет басшысы жастардың жетістіктерін бақылап, жастар кадр резервінің әрбір мүшесіне елді өркендету үшін тың серпін беретін жаңа идея мен нәтижелі жұмыс, зор үміт күтетінін жеткізді. Сондай-ақ ел Президенті үлкендердің зейнетке шығатынын, ал жастар олардың орнын басауға, ел үшін маңызды шешімдер қабылдауға дайын болу керектігін нықтады. Ол үшін жастар жеткілікті тәжірибе жинақтап, оң өзгерістердің қозғаушы күшіне, мықты тірегіне айналуы керек.

Елімізде алғаш рет қолға алынған жаңа жоба жақсы нәтижелерін бере бастады. Жоба жүзеге аса бастағаннан бері маңызды қызметтердегі жастардың үлесі артты. Бүгінде резервке алынған 400 адамның 292-і мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында жұмыс істейді.

Бұл үрдіс алдағы уақытта мемлекеттік басқару жүйесіне жаңа тәсілдердің енгізілуіне, жаңаша көзқарастардың пайда болуына, инновациялық өзгерістердің орын алуына әсерін тигізуі керек.

1 наурыздан бастап еліміздің барлық өңірінде, республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада өңірлік кадр резервтеріне іріктеу жүргізілуде.

Өңірлерде, аймақтарда өңірлік кадрлық резервті құрудың негізгі мақсаты – жас басқарушылардың өңірлік пулын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тарту. Іріктеуді облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кадр комиссиясы жүзеге асырады. Өңірлік резервке алынған адамдар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурсқа қатыспай-ақ орналаса алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ НӘЗІК ЖАНДАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының 55,7% әйелдер құрайды. Олардың басшы лауазымдар арасындағы үлес салмағы – 39,4%.

Әдеп нормаларын сақтауды қамтамасыз етудегі әйелдердің рөлі зор. Қазіргі күні Әдеп жөніндегі уәкілдердің 38%-ы әйелдер. Жалпы, мемлекеттік қызметтегі әйелдер әдептік стандарттарын сақтай отырып, жауапкершілікпен күзиреттіліктің жоғары деңгейін көрсетіп отыр.

Қашықтық форматында және икемді жұмыс уақыты режимінде жұмыс жасау белсенді қолданылуда. Бұл, әсіресе жас балаларды тәрбиелеп отырған аналарға өз кәсіби міндеттерін жеке өмірімен тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Осы форматтағы жұмыс кестесін қолданушы 3 024 мемлекеттік қызметшінің 63%-ын әйелдер құрайды.

Сондай-ақ қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметшілердің саны да 847 адамды құрайды, оның 30%-ға жуығы басшылық лауазымда қызмет атқарады.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ –

АНТҚА АДАЛДЫҚ



белестерге жетуге, қоғамды дамытуға, мансаптық өсуге жетелейді. Мемлекеттік қызмет маған білімімді арттыруға, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Өзіміз жас отбасымыз, тәрбиелеп отырған баламыз бар. Осынау мемлекеттік қызметте ел игілігіне қызмет етсем деймін, – дейді Әйгерім Қайсарқызы.

Өңірлерді дамыту жолында еңбек етсем деген жастарға берілген таптырмас мүмкіндік деп санайтын жастың бірі – Аружан Тілеужан.

– Мен бала кезден мемлекеттік қызметкер болуды армандадым. Мектепті бітірген соң «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша мемлекеттік грантқа ие болғаным – үлкен арнамынның кішкентай қадамын жасағанымды сездім. 2023 жылы Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетін ойдағыдай бітіріп, туып-өскен жерім – Шу ауданына оралдым. Бірнеше күн ішінде ауданға қарасты Бірлік ауылдық округінің әкімшілігіне жетекші маман ретінде жұмысқа қабылдандым. Мемлекеттік қызметке кіру мен ойлағаннан да оңай, ыңғайлы болды. Мемлекеттік қызметке конкурстан тыс орналасу – барлық азаматтар үшін қолайлы орта құрып қана қоймай, мемлекеттік салаға инновациялық тәсілдерді енгізуге ынталандырады. Бұл жас мамандардың әлеуметтік маңызы бар жобалармен жұмыс істеу арқылы еліміздің дамуына өз үлесін қосу мүмкіндігі дер едім. Мемлекет мүддесі үшін жауапкершілікпен еңбек ету – парызым! – дейді Жамбыл облысы Қордай ауданы Бірлік ауылдық округі әкімі ап-

сынап көрмекке талпынған арманшыл жан.

– Мен, мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз тағайындалған жас маман ретінде жастарға осы мүмкіндікті дұрыс пайдалануын сұрап едім. Мен, мысалы, мемлекеттік қызметке келу арқылы өзімнің кәсіби-тұлғалық болмысымды жетілдірудемін. Мемлекеттік қызмет маған елдік және қоғамдық мүдделерге әділ және адал қызмет етуге, өз күш-жігерімді, білімім мен тәжірибемді отанымыздың дамуына жұмсауға үйретуде. Өзімнің туған жеріме келіп, Мойынқұм ауданы әкімі аппаратының бас маманы болу – мен үшін үлкен мәртебе. Осындай жаңашылдық арқылы маған мүмкіндік сыйлаған мемлекетке алғысым шексіз. Себебі бұл жаңашылдық – мемлекеттік қызметті сапалы жаңғыртудың негізі болары сөзсіз, – дейді Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімшесінің бас маманы Айханым Серікова.

ЖАҢАШЫЛ ЖҮЙЕ

Мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуді жүзеге асырудағы пәрменді құралдарының бірі – іріктеудің жаңа жүйесі. 2023 жылы мемлекеттік қызметке іріктеу рәсімін жеңілдету үшін e-Quzmet жүйесін жаңғырту аясында сыртқы порталы әзірленіп, конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды.

Қазір ол 22 мемлекеттік органдарға іске қосылды. Іріктеудің жаңа автоматтандырылған жүйесі әрбір азаматқа конкурстың барлық кезеңдеріне онлайн қатысуға

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің алдағы уақытта кадрларды іріктеу үдерістеріне жасанды интеллекті енгізуді жоспарлап отыр. «Жеделдетілген цифрландыру және жасанды интеллект мүмкіндіктерін белсенді қолдануға көшу барысы – іріктеудің тиімділігін арттырудың жаңа мүмкіндіктерін аша түседі», – дейді агенттіктегі мамандар.

ЖОБАДАҒЫ ЖАҢА ЕСІМДЕР

Президенттік жастар кадр резерві еліміздің талапты жастарына зор мүмкіндік береді. Биылғы жылы елордада Мемлекет басшысының қатысуымен Президенттік жастар кадр резервінің форумы өткені белгілі. Еліміздің үміт артқан жастары бас қосқан ауқымды іс-шарада ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Көп ұзамай мемлекеттің игілігі үшін ең жауапты шешім қабылдайтын кезеңге тап келесіздер. Үкіметте болсын немесе квазимемлекеттік секторда болсын, ел басқару ісіне араласасыздар. Әлбетте, жеке секторда да еңбек етесіздер. Сондықтан мен сіздерге зор үмітпен қараймын. Ең алдымен, осы зор жауапкершілікті дұрыс түсінген абзал. Қай салада болмасын, негізгі мақсат мемлекет мүддесі болуға тиіс. Баршаңызға мәлім, мен жақында Үкіметте кеңейтілген жиын өткіздім. Қазақстанның жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыруға арналған нақты шараларға тоқталдым. Қазір біздің алдымызда өте ауқымды міндеттер тұр», – деді.

Форумда Президент мемлекет басқару ісіне ойы ұшқыр, білімі

Ежелгі Грекия жартастарының бірінен «Мықты, ақылды, әдемі болғың келсе – жүгір!» деген жазу табылған деседі. Иә, археологиялық ескерткіштер жүгірушілер бәсекесінің ежелгі дәуірлерден бастап дамығанын көрсетеді. Бұған б.з.д 776 жылы 1-ші Олимпиялық ойындар бағдарламасында жүгіруден жарыс өткендігі дәлел. Олимп құдайларын айтпағанның өзінде қазақ халқының ауыз әдебиетінде де желаяқтар жарысы туралы аңыз, әпсаналар жиі кездеседі. Бұған қарап жүгірудің пайдасын адамзат ерте бастан түйсінген деп болжауға болар. Бүгін де жүгіру – бұқаралық спорт түріне айналған. Тіпті, жыл сайын еліміздің әр өңірінде бірнеше жүгіру марафоны ұйымдастырылып, оған жүгіруді өмірінің бір бөлшегі санаған халық жаппай қатысып жатады. Жуырда осындай жүгіру марафоны елордамыз – Астанада да өтті. «Astana Half Marathon – 2024» деп аталған жартылай жүгіру марафоны бас қаламызға мерекелік көңіл сыйлай білді.

Наурызбек САРША

Марафон өтетіні белгілі болған кезде аталған бұқаралық жарысқа қатысуға біз де алдын ала ұсыныс бердік. Бұрын спортты жанымызға серік еткенімізбен, жұмыс барысымен, күнделікті тұрмыс әуресімен қашықтап кеткенімізді байқамай да қалыппыз. Ендеше мына марафон сол олқылықтарды толтырудың орайлы сәті. Себебі қандай да бір шараға дайындық барысы сенің ерік-жігеріңді оятып, қосымша күш сыйлайтыны белгілі. Осылайша, көптен күткен марафон күні – 16 маусым да келіп жетті.

АЛАБҰРТҚАН КӨҢІЛ КҮЙ ЖӘНЕ МӘРЕ СЫЗЫҒЫ

16 маусым. Таңғы сағат 5.30. Көлікпен марафон өтетін «EXPO–2017» көрмесіне арнап салынған әйгілі «Нұр Әлем» шарының алдындағы алаңға жол тарттық. Қала көшелері марафон үшін арнайы жабылыпты. Таңмен таласа марафонға қарай ағылған халықтың санында есеп жоқ. Бірі – жарысқа қатысу үшін, бірі – жарысқа қатысқалы жатқан жақынына қолдау көрсету үшін келген. Сонымен, межелі жерге жеттік. Жүгірушілерге мерекелік көңіл күй сыйлау үшін концерт қойылып жатыр екен. Сахнадағы жүргізушілер жалынды сөздерімен марафоншыларға жігер беріп жатыр. Әрі қатысушылардың денесін қыздыру үшін музыка әуенімен спорттық түрлі би әрекеттерін қайталағызуда. Сахнада қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит, марафонның басты серіктесі Naluk Bank басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Сартәев және University Medical Center медициналық директоры Гүлмира Рапильбекова сөйлеп, бұл шараға қатысушыларға сәттілік тіледі. Бұл мерекелік хәм спорттық шара Астанада осымен үшінші рет өткелі жатыр екен. Жарыстың ұйымдастырушысы 2012 жылдан бастап жыл сайын Орталық Азиядағы ең ірі Almaty Marathon жүгіру іс-шарасын және басқа да бірқатар әуесқой сөрені өткізетін «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры болды. Биыл бұл жарысқа әлемнің 37 елінен 6 мыңнан астам адам қатысып отырса, жарыстың ең жас спортшысы 15 жаста, ал ең ересек қатысушы 76 жаста екен. Алдымен бірінші болып 10 шақырымға жүгірушілер, скандинавиялық жүрістегі мен арбадағы қатысушылар сөреге жақындады. Таңғы сағат 6.35 болса да ауа температурасы 29 градусты көрсетіп тұр. Күн ысып барады. Қобалжу басым.



Мерекке сыйлаған МАРАФОН

Дайындық барысында сегіз шақырым ғана жүгіргенмін. Бұл жолы 10 шақырымды бағындыруым керек. Сөре сапының басында «элита» деп аталатын топ бар. Олар халықаралық марафондарда топ жарып жүрген кәсіпқой жүгірушілер. Содан соң «А» кластері. Онда еліміздегі марафондардың жеңімпаздары жер тарпып тұр. Одан кейінгі сапка мен де ілестім. Еріктілер саптарды түгендеп, әрқайсысынан «Сіз 10 шақырымды 1 сағатта бағындыра аласыз ба?» деп сұрап жатыр. 1 сағатта 10 шақырымды бағындыру үшін қарқынды кем дегенде 5.30 болуы қажет. Дайындық барысында мен 6.10 қарқынмен жүгірген едім. Не де болса, тәуекел. Дабыл соғылды. Жүгіру басталды. Жүргізушілер жалынды сөздерін аямай-ақ жатыр. Осы марафонға қатысып жатқан Әлібек деген бөлемнің үйретуі бойынша, алғашында баяу қарқында бастадым. Себебі бірден жылдамдықты қоссаң, денең қызбай тұрып тез шаршауың мүмкін. «Сен өзінді көлікпін деп есепте. Жанар-жағармай бағында 10 литр бензин бар. Бірақ қашықтығың ұзақ. Алғашында бензинді тез жағып жіберіп, жетер жеріңе бензиннің жетпей қалмасын», – деп қатаң тапсырған. Бастапқы шақырымдар жаман емес. Аузымен құс тістеген желаяқтар қарасын көрсетпей кетті. Бірырақты қарқынды ұстап алғандар өзінде жорғалатып келеміз. Алғашқы бес шақырым ойдағыдай өтті. Қарқыннан танбадым. Дегенмен шаршау сезіле бастады. Әлі алда қашықтықтың тең жартысы бар. Күн мандаймыздан төніп тұр. Жүгіруде тер арқылы ағзандағы су мөлшерін азайтып тастайтындықтан, шөл де қыса бастады. Су ішу пунктін бес шақырымда бір-ақ берілді. Еріктілер пластик стакандарын жалма-жан ұсынып жатыр. Қолыма екі стакан алып, бірін сіміріп, бірін салқындап алу үшін үстіме шаштым. Жол бойы еріктілер барабандарын соққылап, түрлі жалынды сөз жазылған плакаттарымен жігер беруде. «Біз сендерге сенеміз», «Бұл сенің қолыңнан келеді», «Кішкене қалды, шыда» деп айқайлап жатыр. Енді намыстың да іске қосылар кезі жетті. «Бәйгедегі аттар бәйгенің жартысын өкпенің күшімен, қалған жартысын жүректің күшімен шауып өтеді» деген сөз есіме оралды. Ұзақ дайындалмағандықтан, өкпе де сыр бере бастады. Ендігі қалған

күш жүрекке түсу керек. Жүгірушілер қаланың орталық көшелерімен елорданың жүрегі – Бәйтерек монументін артқа тастап, ботаникалық бактың жанынан өтіп келеді. Мәре «Нұр Әлем» шарының алаңында. Алдымыздан жақын болып көрінгенімен, жылдамдықты қоссақ та жақындар емес. «Арық атқа қамшы ауыр» дегендей санамызда психологиялық күрес басталып кетті. «Токтап, дамылдап алсам ба екен?» деп те ойланасын. Бірақ әрбір уақыт есептеулі. Бірер секунд қарқынды бәсеңдеттім. Жүректің ырғағы да баяулады. Әйтпесе, жүректің дүрсілінен құлағым тұнып тұр еді. Жүрек ырғағын қалыпқа келтіріп алғасын қайтадан баяғы ырғағыма ауыстым. Жүректі қадағалап отыру – әрбір спортшының міндеті. Себебі жүрек соғысының ырғағы шектен шығып кетпегені ләзім. Әйтпесе, денсаулығыңа зиян тигізіп аласың. Кейбір жүгірушілер жарты жолдан тоқтай бастады. Қасындағы серіктері «Тоқтама, баяу болса да аянда» дегендей демеулерін білдіріп қояды. Санамызда үлкен күрес жүріп жатыр. Токтап, жол жиегіндегі көк шалғынға жантая кеткің келеді. Сосын көз алдына мәре сызығын кесіп өткендегі өзінді елестетесің. Ол ой саған тағы қосымша жігер береді. Алыстан мәре сызығы да көрінді. Бірақ жеткізіп береші. Енді тоқтауға жол жоқ. Қарқын қосылды. Жол бойындағы еріктілер «жарайсыңдап» барынша қолдау білдіріп жатыр. Өзіңді үлкен жарыстардағы кәсіп спортшыға ұқсатып та кеттім бірер сәт. Өз-өзіңмен арпалысып келе жатып, әлі де жігеріңді құм қылатын ойларға жеңілмегенінді мақтан да тұтасың. Осы ойлармен өне-міне дегенше мәреге де жақындадық. Ендігі аяндаудың жөні жоқ. Соңғы күшінді сарқып барып, мәрені өтуің керек. Мәре басында жарыстың басталған уақытының секундтары сырғып жатыр. Мен мәре сызығын 1 сағат 54 секундта кесіп өттім. Алдымнан еріктілер дереу мойныма марафон медалін іліп жатыр. Алма, сусындарын беріп бәйек болады. «Жүгіру – кейбіреулер айтқандай, ауыр жұмыс емес, ол орасан зор қуаныш, шексіз рақаттану», – деп айтқан Бенджамин Споктың сөзі есіме түсті. Нағыз ләззатты шақты басымнан өткердім. Қаншама сана сарпылысымен қашықтықтарды бағындырып келгендегі мой-

нына ілінген медаль барлығын ұмыттырып жібереді. Мәре сызығын кесіп өткендер жиналып, бір-бірінің жолдағы қиындықтары мен қызықтарын айтып бөлісуде.

ЖҮГІРУ – ӨМІР ФИЛОСОФИЯСЫ

2010 жылдың 5 тамызында 700 метр терендікте 33 шахтер Чилидегі Сан-Хосе шахтасында қалып қояды. Алғашқы 17 күнді жоғарғы жақпен байланыс болмай қараңғылықта өткізеді, содан соң диаметрі 12 сантиметр саңылау тесіп, сол арқылы су мен тамақ жеткізіліп тұрады. Жер бетіне олар 69 күннен кейін шығады. Мұның несі қызық дерсіз? Асықпаңыз, сол 33 шахтердің ішінде болған Эдисон Пенья жер астында уақытын бос жібермей, жүгірумен айналысады, ол басылып қалмаған бар болғаны бір шақырымдай жерді айналып жүгіре береді. Барлығы оны ақымақ, есі ауысқан деп ойлайды, ешкім оны қолдамайды. 13 қазанда шахтерлер жер бетіне шығады, ал 7 қарашада Эдисон Нью-Йорк марафонына арнайы шақыру алып қатысады да, 5 сағат 40 минут 51 секундта жүгіріп өтеді. Таңғаларлығы, бұған дейін ол ешқашан спортпен айналыспаған және марафондарға қатыспаған екен.

Шығармашылық жолын жүгірумен қатар бастаған жапон жазушысы Харуки Мураками «Жүгіру туралы айтқанда, не туралы айтамын» атты кітап жазып, сонда ол марафонды жүгіріп өтуді роман жазып шығумен салыстырады. Муракамидің жетістікке жету формуласы – тұрақтылық, күн тәртібі және ұстамдылық, яғни артықта, кем де емес, келесі күні жалғастыруға жетерліктей күштің қалатындай жүгіру керек және жұмыс істеу керек. Міне, осы ұстанымды тірек еткен ол шығармашылықта да үлкен жетістіктерге жете білді. Иә, жүгіру – денсаулықтың негізгі кепілі. Күн сайын бір мезгіл жүгіру арқылы сергектік пайда болады. Мамандардың айтуынша, ол адамның иммунитетін көтеріп, жүрек-қан тамырларының жұмысын жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ қанның жүру көлемі ұлғайып, ас қорыту жұмысы белсенді жүреді. Жүгіру тыныс алу жүйесін де жақсартуға септігін тигізеді, ұйқысыздықтан арылтады, картаю процесін де тежейді. Әсіресе, таңғы уақытта жүгіру адамға жан тыныштығын сыйлайды. Осыншалық пайдасына қарап әлем халқы жыл сайын жаздың алғашқы сәрсенбесінде дүниежүзілік жүгіру күнін атап өтеді. Иә, дені сау ұлт – болашағы бар ұлт. Ендеше саламатты өмір салтын ұстанып жүргенге не жетсін!

Қызылорданың ми қайнатар аптапты ыстығы ерте көктемнен сезіле бастайды. Мамыр айынан бастап қала халқы талдардың саясын паналап, суға шомылу науқанын асыға күтеді. Бірақ жағажайда жан бағуды көксеп жүрген қара халықтың бұларманы әзірге орындар емес.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Жыл сайын жағажайға қатысты мәселе көтеріліп жүр. Бұған дейін қала әкімі қызметін атқарған Ғанибек Қазантаевтың тұсында тегін жағажай ашу бастамасы қолға алынғанын ел ұмытқан жоқ. Сол кезде бұл көпшілік тарапынан қызу қолдау да тапқан болатын. Алайда ескі әкімнің бастамасы құрғақ уәде күйінде қалып, оны түпкілікті жүзеге асыру кезекті әкім Асылбек Шәменовке жүктелгендей болды. Бірақ тегін әрі қауіпсіз жағажай ашуға кезекті әкімнің де шамасы келмеді. Осыдан кейін «Бұл жоба қолдан қолға өте бере ме?» деген күмәнді ой көптің санасын тұмшалады.

Бүгінде халықтың көкейінде коммуналды жағажай ашу жұмысын жыл басында ғана қызметіне кіріскен Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязов жандандырса деген үміт ұшқыны пайда болды. Бірақ шомылу науқаны жақындаған сайын жобаны жүзеге асыру жайы сөз болмай тұр.

Негізінен, Қызылорда жағажайсыз қала емес. Қазір өңірде екі жағажай жұмыс істейді. Нақты айтқанда, қала орталығындағы «Сыр самалы» қалалық жағажайы мен Белкөл кентіндегі кәсіпкердің ықпалымен ашылған ақылы жағажай жамағаттың жаз мезгілінде демалатын орны саналады. Бұдан өзге түрлі жағдайдағы 12 демалыс



ЖАҒАЖАЙ ЖЫРЫ БІТЕР МЕ?

орны жұмыс істейді екен. Бірақ мұның қай-қайсысы да ақылы негізде қызмет көрсететін болғандықтан, көпшіліктің қалтасына қолайлы емес. Сондықтан халық тегін жағажай қызметін күтумен күндерін өткізіп келеді.

«Коммуналды жағажайдың жырға айналғанына 3-4 жылдан асты. Әрбір шомылу науқанында тегін жағажайды күтетін халықтың үміті күннен күнге өшіп барады. Ал ақылы негіздегі демалыс орындарына баруға қара халықтың қалтасы көтере бермейтіні белгілі. Шынын айтқанда, қала аумағындағы екі жағажайдың өзі халықтың қажеттілігін толықтай өтеп тұр деп айтуға да келмейтін шығар. Себебі халық арасында қос бірдей шомылу орнына қатысты сирек те болса сын айтылып калады. Сондықтан да ел

игілігі үшін жайлы да, тегін жағажай жұмысын жолға қойса екен дейміз. Ақылы негіздегі демалыс орындарына бәрінің қалтасы көтере бермейтінін ескерген жөн», — деп ойын білдірді қала тұрғыны Бекзат Қайратов.

Негізінен, Қызылорда қаласынан тегін, әрі қауіпсіз жағажай ашу бастамасы 2021 жылы қолға алынған болатын. Сол уақытта жазғы демалыс орны Эдельвейс саяжайы аумағында болады деп жоспарланды. Тіпті, арнайы орында белгіленген еді. Бірақ сол жылы жол салушылар аталмыш аумақтың су беретін арнасын көміп тастап, су айналымы болмай, жағажай ашуға жарамсыз деп танылғаны айтылды. Бертін келе бұл аумаққа шлюз қойылып, бекітілген каналдар қайта ашылғаны жария болды. Соның негі-

зінде көп ұзамай халықты тегін шомылу орнын ашу жұмысы қайта жанданатынына сендірді. Алайда жоба тағы да құрғақ уәде күйінде қалып қойды.

«Облыс орталығынан жайлы коммуналдық жағажай ашу қажеттігі әлі де өзектілігін жойған жоқ. Әсіресе, қымбатшылық қыспаққа алған қазіргі қоғамда тегін демалыс орнына деген сұраныс жоғары. Халықтың бәріне бірдей ақылы жағажайда демалу қолжетімді емес. Осыдан 3-4 жыл бұрын тегін жағажай ашу бастамасы көпшілікті қуанышқа бөлеген болатын. Бірақ түрлі себеппен кейінге шегеріліп, сиырқұйымшақтанып кетті. Содан бермен қарай бұл мәселені шешуге ниет білдірген бірнеше әкім қызметін ауыстырып та үлгерді. Елдің ендігі үміті қаланың бүгінгі әкімінде болып тұр. Жаңа әкім жаңашыл талабын қоя отырып, жағажай ашу ісін жедел жүзеге асырады деген үміт бар», — деп ойын

жеткізді тағы бір қала тұрғыны Сапарбек Ерімбет.

Халықтың пікіріне сәйкес, жағажай ашу жұмысы әлі жанданады деген сенім зор. Яғни, жаңа әкім жалпыға бірдей жағажай жұмысын жүзеге асырады деп үмітпен қарайды.

Осы орайда елдің талап-тілегін ортаға салып, Қызылорда қаласы әкімдігінен жағажай жұмысының бүгінгі жай-күйін сұрап көрдік.

«Бұған дейін қала аумағында суға түсуге қолайлы жерлер зерделеніп, «Эдельвейс» саяжайының тұсында орналасқан ШЖҚ «Су жүйесі» МКК-на тиесілі учаскеде жазғы демалыс орнының жұмысын үйлестіру көзделген. Нақты айтқанда, саяжайда орналасқан көлшіктен жағажай ашу мақсатында кәсіпкер «Sanline VOLC» ЖШС-ның директоры Қолқанат Ертарғын Нұрланұлы (қосалқы жалға алушы) мен «Қызылорда Су жүйесі» (жалға беруші, 21.08.2023 ж №04-2501) мекемесімен келісімшарт жасалынды. Қазір кәсіпкер тарапынан қажетті жабықтар, әртүрлі құрал алынып, алдағы 10-15 күн уақыт көлемінде коммуналдық жағажайды ашу жоспарлануда. Коммуналдық жағажайдың ашылуы бойынша жұмыс барысы қала әкімдігінің бақылауында», — деп мәлімдеді бұл жайында Қызылорда қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Қалай дегенде де аптапты ыстықта жаңа сая іздеген жергілікті жұртшылық тегін жағажайдың ашылуын тағатсыздана күтіп жүр. Ал қала әкімдігінің уәжіне сүйенсек, халық коммуналды жағажайдың игілігін жақын арада көретініне сендіріп отыр. Әйтеуір уәде сөз күйінде қалмай, елдің үміті ақталса игі.

Қызылорда облысы

МЫҢДАҒАН ГЕКТАР ЖЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛУДА



Алматы облысында ауыл шаруашылығына арналған жерлердің тиімді пайдаланылуына қатысты тексерістер әлі жүргізілуде.

Былтыр игерілмей, тусырап жатқан мыңдаған гектар жер телімі мемлекетке қайтарылып, конкурстар бойынша қолынан іс келетін, нағыз жерге мұқтаж жандарға берілген және мемлекеттің қажеттілігіне қарай қайта реттелген болатын.

Дегенмен кезінде қолынан келіп, қонышын басқандар жерді нысаналы мақсатына қарамай, тамыр-таныстарына емін-еркін таратып қана қоймай, өздері мен туған-туыстарының меншігіне қарата берген сынайлы. Ондай жерлер арасында ауыл шаруашылығына арналғандарды айтпағанда, мемлекетпен қорғалатын қорықты жерлер де бар болып шыққан. Әсіресе, Алматы қаласы маңындағы аудандардың аумағына қарасты Алатаудың қойын-қолаттары мен шатқалдарында, сай-сала-

ларында меншікке өтіп кеткен немесе жалға беріліп кеткен жерлер жетіп-артылады екен.

Биылдың алғашқы тоқсанында ғана облыстағы аудандық әкімдіктер нысаналы мақсаты бойынша ауыл шаруашылығына арналған жерлерге кезекті рет аса ауқымды тексеріс жүргізіп, соның нәтижесінде 68 мың гектардан астам кәдеге аспай жатқан немесе басқа бағытта пайдаланылып отырған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін анықтапты. Нақтырақ айтқанда, үш айда жалпы аумағы 68 167,54 гектар болатын 191 жер телімі нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмай отырғаны белгілі болған.

Өкінішке қарай, нысаналы мақсатында пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлері көлемі бойынша кейінгі кездері ақ күршінің алқабы жылдар жылжыған сайын қысқарып бара жатқан, Балқаш ауданы басқалардың алдында екен. Бақанақтың байтағында 15 807,5 гектар жер пайдаға аспай, қанырап қалған. Шыбық шаншысаң тал болып өсетін, топырағы аса құнарлы, ылғалы да мол Еңбекшіқазақ ауданында 7 590,54 гектар, Талғар ауданында 15 452,0 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы алқаптарды арамшөп басқан. Сондай-ақ

нысаналы мақсатынан басқа істерге пайдаланылып отырған жер телімдері де жеткілікті көрінеді.

Қазір нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған ауыл шаруашылығына арналған жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруға қатысты нақты шаралар қолға алынады. Атап айтқанда, аудандық әкімдіктер жалпы аумағы 33 685,53 гектар жер телімдері бойынша 98 жер пайдаланушыға жалдау жөніндегі келісімшарттардың талаптарын орындау қажеттігі туралы мәлімдеме тапсырыпты. Жалпы, алаңы 15 025,37 гектар болатын 25 жер телімі бойынша жалдау жөніндегі келісімшарттарды бұзу туралы сотқа талаптарыздар түсірілген. Сонымен бірге 9 481, 61 гектар жердің иелері нысаналы мақсатына сай игере алмаған жер телімдерін мемлекетке өз еріктерімен қайтарыпты.

Бірқатар аудандық әкімдікте ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлерді пайдалану мәселелерін қарастырып жер комиссиясының отырыстары өткізілген. Мәселен, Еңбекшіқазақ ауданында осындай 216 материал қаралып, олардың 101-і кері қайтарылған.

«Алматы облысындағы ауыл шаруашылығына арналған жерлердің пайдаланылуына қатысты проблема аса өзекті. Біз осындай жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып, нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын жолға қою үшін үлкен жұмыстар жүргізуіміз. Барлығы заң талабына сай, рет-ретімен жүзеге асырылуда», — дейді облыстық әкімдіктегі жауапты тұлғалар.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

